

АҚЫЛХАН ИБРАХИМОВ

МУЗЫКА

4-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚ

Қайта өңделген және толықтырылған 7-басылымы

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі
баспаға ұсынған

**Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия
шығармашылық үйі
Ташкент — 2020**

UO'K 78 (075)
KBK 85.31ya71
I-32

Пікір білдірушілер:

Г. Фаниева — Республика білім беру орталығы іс жүзіндік пәндер бөлімінің әдіскері.

Ш. Хакимова — Ташкент қаласы Чиланзар ауданы 281-мектептің музыка мәдениеті пәнінің мұғалімі.

Сарапшылер:

М. Ахмедов — Өзбекстан мемлекеттік консерваториясының музыкадан білім беру кафедрасының меңгерушісі.

В. Гаппарова — Ташкент қаласының Учтепа ауданындағы 203-мектептің музыка мәдениеті пәнінің мұғалімі.

Республикалық мақсатты кітап қоры қаражаттары есебінен
басылды.

Ибрахимов А.

Музыка: 4-сыныпқа арналған оқулық /Автор.: А. Ибрахимов. Қайта өңделген және толықтырылған 7-басылымы. — Т.: Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2020.— 112 б.

UO'K 78 (075)
KBK 85.31ya71

ISBN 978-9943-6112-5-2

© А. Ибрагимов
© Ғафур Ғұлам атындағы баспа-полиграфия
шығармашылық үйі, 2007–2020

КИРИСPE

Қадірлі оқушы! Әрбір халықтың жағымды ән-күйлері, өлең-жырлары, бір сөзбен айтқанда, ұлттық музыкасы болады. Халық музыкасы көп және ұзақ ғасырлық сынақтардан өткен және жүрегімізге ұялаған рухани байлығымыз болып табылады.

Ал әр түрлі саздық аспаптарымыз және олардан таралған ұлттық күйлеріміз – сол рухани байлықтың құрамдас бөлігі.

Қолыңдағы оқулық сендерді сол рухани сұлулық және байлықтармен таныс ету үшін жазылған.

Онда халқымыздың тұрмыс салты, еңбекпен айналысуы және түрлі мерекелік дәстүрлермен байланысты орындалатын ән-күйлері, ұлттық аспаптары жөніндегі мәліметтермен танысасың, сирек кездесетін ән-күйлерді тыңдайсың, олардан кейбір үлгілерін үйренесің. Сондай-ақ Өзбекстан сазгерлері мен композиторларының Сендер, оқушылар үшін шығарған әндерімен таныс боласың!

Оқулықта пайдаланған төмендегі шартты белгілерді есіңде сақта:

 — музыка тыңда;

 — дауысты келтіру жаттығулары;

 — ән шырқа;

 — нотамен шырқа;

 — өз бетіңше оқы;

 — сұрақтар мен тапсырмалар;

 — музыкалық сауат;

 — QR kod.



ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК ӘНҰРАНЫ

Абдулла Арипов

Мүтәл (Мутаваккил) Бурханов

сөзі

музыкасы

Салтанатты

1. Ser- qu- yosh, hur o'l- kam, el-
ga baxt, na- jot, Sen o'-zing do'st-lar- ga yo'l- dosh, meh-ri-
bon! Meh-ri- bon! Yash-na - gay to a- bad il-
mu fan, i- jod, Shuh-ra-ting por - la - sin to-ki bor ja-
hon! Ol - tin bu vo - diy-lar jon O'z- be- kis -
ton, Aj - dod - lar mar-do-na ru - hi sen-ga yor! U- lug'
xalq qud- ra-ti jo'sh ur- gan za-mon, O - lam-ni mah- li-yo ay- la -

1.
gan di- yor! *f* 2. Bag' - ri

2.
gan di- yor!

Serquyosh, hur o'lkam, elga baxt, najot,
 Sen o'zing do'stlarga yo'ldosh, mehribon!
 Yashnagay toabad ilm-u fan, ijod,
 Shuhrating porlasin toki bor jahon!

Қайырмасы:

Oltin bu vodiylar — jon O'zbekiston,
 Ajdodlar mardona ruhi senga yor!
 Ulug' xalq qudrati jo'sh urgan zamon,
 Olamni mahliyo aylagan diyor!

Bag'ri keng o'zbekning o'chmas iymoni,
 Erkin, yosh avlodlar senga zo'r qanot!
 Istiqloq mash'ali, tinchlik posboni,
 Haqsevar, ona yurt, mangu bo'l obod!

Қайырмасы:

Oltin, bu vodiylar — jon O'zbekiston,
 Ajdodlar mardona ruhi senga yor!
 Ulug' xalq qudrati jo'sh urgan zamon,
 Olamni mahliyo aylagan diyor!



БІРІНШІ ТОҚСАН

ӨЗБЕК ХАЛЫҚ ӘН-ЖЫРЛАРЫ

1-сабақ. ОТАНЫМЫЗДЫ МАДАҚТАЙМЫЗ



Тәуелсіз Отанымыз – Өзбекстан Республикасында көне және жаңа заман дәстүрлерін өзінде жинақтаған музыка өнері кең көлемде дамып келеді. Мұнда халық музыка шығармашылығы мен халық көркемөнері, классикалық музыкалық

мұра мен сазгерлік, композиторлық және музыкалық эстрада сияқты топтар келіп шығады. Бұлардың әрбірі өзіне тәндігі және көркемдік дәстүрлерімен құнды болып табылады.

Өзбекстан сазгерлері мен композиторлары тәуелсіз Отанымызды дәріптеуші көптеген музыкалық шығармалар шығарды. Бүгінгі таңда туған жұртымызда шырқалып жатқан әсем әуендер ұлттық музыкамыз даңқын әлемге танытып жатыр.

Бұл салада, әсіресе, 1997 жылдан бастап көне Самарқанд қаласында екі жылда бір рет үздіксіз өткізіліп жатқан “Шарқ тароналари” халықаралық музыка фестивалының маңызы өте зор болып отыр. Осы мерекелік шараның арқасында баға жетпес

ўлттық музыкамыз халықаралық сахналарға батыл көтерілді және әлем қоғамдастығы назарына ілікті. Қазіргі кезде, сүйікті өлкемізде жас ұрпаққа ұлттық әрі әлем классикалық музыкасы негізінде тәлім-тәрбие беру жолында маңызды жұмыстар амалға асырылып жатқаны қуанарлық болып табылады.



Қарапайым музыкалық формалар. Шумақ формасы

Әрбір музыкалық шығарманың белгілі бір түзілісі болады. Ал оның сол түзілісі музыка формасы деп аталады. Музыканың формалары шығармалардың қайсы жанрында жазылғандығы және үлкен-кішілігіне қарай әр түрлі болады. Ең қарапайым музыка формаларын халық әндерінде кездестіру мүмкін.

Халық әндері, әдетте, тізбек үлгісі формасында болады. Бұл форма төрт өлең қатары мен оған үйлесімді төрт күй түзілісінен құралады. Бұған атап айтқанда, «Oh, IauLi» өлеңі мысал болады. Сондай-ақ халық музыкалық шығармашылығында қайырма тізбек формасы да көп кездеседі. Мұнда өлең қатарлары өзгергіш әрбір тізбек арасында келген қайырма өзгермей қайталанып тұрады. Мұндай формалар негізінен ялла жанрының әуендеріне тән болып табылады.



1. Қарапайым музыка формаларына қандай әндер жатады?
2. Музыкалық тізбек пен қайырманың айырмашылығын айтып бер?
3. Өзбекстан Республикасының мемлекеттік гимнінің авторлары кімдер?

2-3-сабақ. ХАЛЫҚ ЖЫРЛАРЫ. ЛАПАР

Лапарды екі адам немесе екі жаққа бөлінген көпшілік айтыс түрінде жырлайды. Мұнда екі жақ кезектесіп, “сұрақ-жауап” үлгісіне құрылған өлең шумақтарын шырқайды. Халқымыз арасында белгілі болған “Oyijon”, “Qoraqosh”, “Qilpillama” сияқты лапарлар осындай әндерге жатады. Балалардың “Oq terakmi, ko’k terak” ән-ойынында да лапар ерекшеліктері бар.

Кейде лапарларда би сипатына ие дойра тәсілдері де қолданылып, мұндайда лапар орындаушылардың кезекпен биге түсіп, ән айтуларына себеп болады.





ОҲИЖОН

Жандандыра

Ўзбек халық лапары

O - yi - jon o - yi - jon - ey bosh - gi - nam og' -
riy - di - ya. Bosh - gi - nang - dan o - nang o'r - gil - sin
Ni - ma - lar - ga og' - riy - di - ey? Bo - zor - lar - da - bo' -
lar e - kan, Do' - kon - lar - da tu - rar e - kan,
A - na shu - ning o - ti i - pak ro' - mol O' - shan - ga og' -
riy - di - ya, O' - shan - ga og' - ri - sa - ya,
a - lam - jon, a - lam - o.



Oyijon, oyijon-ey, boshginam og'riydi-ey,
Boshginangdan onang o'rgilsin
Nimalarga og'riydi-ey?

Bozorlarda bo'lar eken,
Zargarlarda tolrar eken,
Ana sholning oti, tilla baldoq
O'shanga og'riydi-ya
O'shanga og'risa-ya, alamjon, alamo.

Лапарларды сазгер мен композиторлар да жазады. Бұған, атап айтқанда, композитор Мардан Насимовтың «Bizdan sizga kim kerak?» жыр-ойыны мысал болуы мүмкін.



BIZDAN SIZGA KIM KERAK?

В.Құрбанов өлеңі

М.Насимов музыкасы

Орташа жылдамдықта

The musical score is written on three staves in G major and 6/8 time. The first staff begins with a mezzo-forte (*mf*) dynamic. The lyrics are: Qo'-zi - choq -dek sak - ra - shib, sak - ra - shib, di - kir di - kir o'y - nay - miz, o'y - nay - miz. Er - kin qush - dek yay - ra - shib, yay - ra - shib, sho'x - sho'x qo' - shiq kuy - lay - miz, The second staff includes a *a tempo* marking. The third staff continues the melody.

Qo'- zi - choq -dek sak - ra - shib, sak - ra - shib,
di - kir di - kir o'y - nay - miz, o'y - nay - miz. Er - kin qush - dek
yay - ra - shib, yay - ra - shib, sho'x - sho'x qo' - shiq kuy - lay - miz,

piu mosso

kuy- lay - miz. Oq te-rak - mi, ko'k te - rak,
 biz-dan siz-ga kim ke-rak? Ay- tin-giz, kim ke-rak?

Қыздар: Qo'zichoqdek sakrashib-sakrashib,
 Dikir-dikir o'ynaymiz, o'ynaymiz.
 Erkin qushdek yayrashib-yayrashib,
 Sho'x-sho'x qo'shiq kuylaymiz,
 kuylaymiz.

Oq terakmi, ko'k terak,
 Bizdan sizga kim kerak?
 Aytingiz, kim kerak?

Балалар: "Gulchehra kerak".

Maysazorda jo'sh urib, jo'sh urib,
 Gijinglagan toychoqmiz, toychoqmiz.
 Bir mayizni qirq bo'lib, qirq bo'lib,
 Yeganlardek inoqmiz, inoqmiz.

Oq terakmi, ko'k terak,
 Bizdan sizga kim kerak?
 Aytingiz, kim kerak?

Қыздар: "Baxtiyor kerak".

Бәрі: Bog'chamizning guliga, guliga,
Mehr qo'yib qaraymiz, qaraymiz.
Baxmal gullar qo'ynida, qo'ynida
Kapalakdek yayraymiz, yayraymiz.



Музыканың белгі құралдары

Сазгер немесе композитор музыкалық туынды шығарғанда күй, ырғақ, лад, тәсіл динамикалық белгілер сияқты білдіру құралдарын пайдаланады. Музыкада күй мен ырғақ ең маңызды белгі құралдары болып есептеледі. Мұнда күй бір дауыста баян етілген музыкалық пікірді білдірсе, ал ырғақ дыбыстарды уақыт тұрғысынан бір тәртіпке салу үшін қызмет етеді.



1. Музыканың белгі құралдары туралы айтып бер.
2. «Bizdan sizga kim kerak?» жыр-ойынының авторлары кімдер?
3. Лапар жырын тап:
 - A) “Qoraqosh”, “Oyijon”.
 - B) “Qoraqosh”, “Bizdan sizga kim kerak?”.
 - V) “Bizdan sizga kim kerak?”, “Bilaguzuk”.

4–5-сабақ. ЯЛЛА

Ялла — көптеген ерекшеліктерімен, соның ішінде, биге бейімділігі және көпшіліктің қатысуы жағынан лапарға ұқсас жанр. Бірақ лапарда екі жақ болып айтысу қажет болса, ал яллада өлең, ән мен бидің тұтастығы біршама орын алады. Сондай-ақ, ялланың

лапардан өзгешелігі — шумақ-қайырма түрінде болады. Мұнда ялла айтушы (жеке орындаушы) би билеп, шумақтарды айтса, ал қайырманы көпшілік қосылып айтады. Яллаларда биге сәйкес дойра тәсілдері мен сирек кездесетін аспаптардан тұратын ансамбль сүйемелдеуі қолданылуы мүмкін.



YALLAMA YORIM

Орташа жылдам

Өзбек халық ялласы

Qal- dir - g'och qo - ra e - kan, qa - no - ti o -
 la e - kan, yosh-lik -da-gi o'r - toq - lar bir u - mr- ga
 do'st e - kan. Yal-la-ma yo - rim, yal-lo- la, yal- lo - la -
 shay - lik, o'r- toq - la - shay - lik, uch - ta - to'rt -ta
 bir bo' - lib, suh - bat - la - shay - lik.

ҰСТАЗ — ҮЛГІ-ӨНЕГЕ, ҰЛАҒАТЫМ

1-қазан — ұстаздар мен тәлімгерлер күні



МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН,
ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАР!

Мұғалім — құрметті де жауапты мамандық. Ол әрқашан оқушылардың ортасында болады. Ұстаз сендерді үлгілі, мәнді өмір сүруге, еліміздің адал, білімді азаматы болып өсуге тәрбиелейді.



ҰСТАЗ

Ф.Орманов өлеңі

Ж.Ғабдолдаев әні

Асықпай

Е-жел-ден ел-ге сүй-кім- ді, Ұс- та-зы
бо-лу ба- ла- ның. Ө-зім-де сү-йіп
бір түр- лі, Жа-ны-ма жа- қын ба- ла- дым,
Ө-зім де сү- йіп, бір түр - лі, Жа-ны-ма
жа- қын ба- ла- дым
кеу- де- де.


Ежелден елге сүйкімді,
Ұстазы болу баланың.
Өзім де сүйіп, бір түрлі,
Жаныма жақын баладым.

Жасынан алып қасыңа,
Баланы баулып қаршадай,
Ұқсадың қимас досына,
Болысқан әсте шаршамай.



ТӘСІЛ

Тәсіл — өзбек ұлттық музыкасының бейнелеуші құралы, ол соқпалы аспаптар (дойра, даңғыра т.б.) да орындалады. Демек, тәсіл соқпалы аспаптарда жасалатын өзгермей қайталанған ырғақ түзілісі болып табылады. Тәсіл, әдетте, екі дыбыс негізіне құрылады. Бұл дыбыстарды ұстаздар дойра аспабында “бак” және “бум” деп атайды. “Бак” дыбысы дойраның шеңбері (шеткі бөлігі) жаққа соққы берілуінен пайда болады, “бум” дыбысы шеңбердің орта бөлігіне берілген соққы дыбысынан жасалады да “бак” дыбысына қарағанда төмен дыбыс болып есептеледі. Тәсілдерді ноталар арқылы да жазу мүмкін. Бұл үшін бір сызықты нота жазу жүйесінен пайдаланылады. Мұнда “бак” дыбысы сызықтың үстіне, ал “бум” сызықтың астына нотамен жазып қойылады.





1. Ялла жанры туралы айтып бер.
2. Ялла жанры қай жақтарымен лапардан өзгешеленеді?
3. “Ұстаз” өнінің авторлары кімдер?

6–7-сабақ. ОРАЗА ДӘСТҮРІНІҢ ЖЫРЛАРЫ

Ораза дәстүрі хижри-жылнама (ай) күнтізбесі құтты ораза айының үшінші күнінен бастап үлкендер немесе балалардың қатысуында өткізіледі. Мұнда дәстүр қатысушылары болған жарапазаншылар күн батқан соң әрбір үйдің есігінің алдына топталып, жақсы ниет-тілектермен “Ramazon” немесе “Yo, Ramazon” жарапазан ән-жырын шырқайды. Оған жауап ретінде үй иелерінен түрлі тағамдар мен сый-сияпаттар алады.

Түрлі көріністерде айтылған ораза жарапазандары мазмұны жағынан өзара жақын болады. Атап айтқанда, олардың өлең шумақтарында үй иелеріне қатысты жақсы тілек пен ізгі ниеттер білдіріледі. Ал кейде өзіл-оспақ мазмұнды шумақтар да айтылады.

⊙ Ораза дәстүрі жырларынан үлгі тыңда.

Ramazonning uch kunini tutib keldik sizga,
Ramazonning zakotini bering bizga.
Yo Ramazon aytib keldik eshigingizga,
Qo'chqordek o'g'il bersin beshigingizga.



NISHOLDA

Р. Толиб өлеңі

Д. Амануллаева музыкасы

Көнілді



Naqarot:



1. To'ya, bayramda,
Ro'za ayyomda
Tansiq nisholda,
Tortiq nisholda.

Muzqaymoqdan zo'r, oh!
Mana, yalab ko'r, oh!
Oh-oh nisholda,
Qaymoq nisholda.

Muzqaymoqdan zo'r,
Mana yalab ko'r,
Oh-oh nisholda,
Oppoq nisholda.

2. Buncha ham shirin,
Kim bilar sirin?
Oh-oh nisholda,
Qaymoq nisholda.

Қайырмасы:

Mazali, totli, oh!
Misli novvotli, oh!
Oh-oh nisholda,
Oppoq nisholda.

Mehmonga yuzim,
Xizmatda o'zim.
Tayyor nisholda,
Mador nisholda.

Қайырмасы.



ДИНАМИКАЛЫҚ БЕЛГІЛЕР

Динамикалық белгілер — музыкалық туындының көркемдік сипатын арттыру үшін қолданылатын арнаулы белгі, олар, әдетте, қысқартылған күйде беріледі.

p (piano) – туындыны жай (жұмсақ) орындау белгісі.

f (forte) – туындыны күшті (қатты) орындау немесе шырқау белгісі.

Ол әдетте нота жолының үстіне қойылады.



1. O-yim yop-di - lar kul-cha, moykul-cha, moykul-cha. Ye,de-di-lar



1. Ораза дәстүріне жататын қандай өлеңдерді білесің?
2. “Nisholda” әнінің өлеңін жаттап ал.
3. Динамикалық белгілер туралы айтып бер.

8-сабақ. ӘЛДИ ЖЫРЛАРЫ

Халқымыздың әдеті бойынша жанұяда жаңа туылған тұңғыш перзент құрметіне бесік той дәстүрі өткізіледі. Осы кезден бастап сәби өмірінде маңызды болған 2-3 жылдық “бесік дәуірі” басталады. Ана сәбиін ұйықтату мақсатында бесікті тербетіп, әлди жырын айтады. “Бесік дәуірінде” айтылатын мұндай жырлар “Әлди” немесе “Бесік жыры” деп аталады. Аналардың шығарған бұл әндерінде баланы жұбатуға арналған сөз-арнаулар, сондай-ақ, ананың сәбиі жөніндегі арман-ниеттері баяндалған шумақтар жырланады. “Әлди есіткен бала болашақта өз ата-анасына мейірімді, иманды, нанымды, туған жер топырағына, ел-жұртына шын берілген, отансүйгіш адамдарға тілектес болады¹.

«Алла» әнін тыңдап, одан алған әсеріңді айтып бер.



ALLA



Өзбек халық әні

Жай

Al - la ay - tay, jo - nim
Al - la ay - tay, jo - nim

bo - lam, қол loq sol - gin al - la.
bo - lam, shi - rin qo' - zim al - la.

1. Ғасырларға теңдес әндер. Құрастырушылар: И.Абдурахманов, Ж.Ешанқулов. Ташкент. 1991,5-бет

Shi-rin al-lam ting-lab as-ta
 Sen qu-von-chim, if-ti-xo-rim,
 ux-lab qol-gin al-la.
 ko'-rar ko'-zim al-la.

Әлди жырларын сазгерлер мен композиторлар да шығарады. Атап айтқанда, австриялық композитор Вольфганг Амадей Моцарттың “Алла” жыры танымалды, ол өзбек тілінде былай шырқалады:

ALLA



В. Моцарт музыкасы

Асықпай

Yot bo-lam, ux-la qo'-zim,
 Uy-lar-da o'ch-di chi-roq
 Ux-lar a-sal a-ri-lar
 Ux-lar ba-liq-lar tinch-roq.

Ko'k - da oy yar - qi - ray - di,

De - ra - za - dan qa - ray - di.

Ko'z - la - ring yum - gin qo' - zim,

Yot, qu - von - chim, qun - du - zim A -

la - la - la



БЕСІК ЖЫРЫ

Қ.Сыдықов өлеңі

А.Жайымов әні

Асықпай, тербелте

Тер- бе-тей- ін ән-жыр - мен, Ай- на-лай-ын, бө-пе



шім. Әл- ди, әл- ди, әл- ди мен



Ұйық-тап ке-тер-ме (е)кен-сің Ер-те-гі ме ке-ре-



гің О- ны(да) ай-тып бе-рей- ін.

Қайырмасы:



Әл-ди-ай, әл- ди-ай, Әлдиай, әл-ди-ай, Ұйықтай ғой, қал- ғы



май

// -май



Ұйық-тай ғой, қал- ғы - май.

Құшағыма алайын,
Қалауыңды айт, жаным.
Әлди әнге салайын,
Бал бөбегім, аппағым.
Тыңдап қана жат, көкем,
Айналайын, ақ бөпем.

Қайырмасы.

“ӘЛДИ” ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Аңызға қарағанда, жаннаттан қуылған Адам Ата мен Ана Хауа бір-бірлеріне көңіл қойып, егіз перзентті болыпты. Құдайдың бұл жарылқауынан төбесі көкке жеткен Адам Ата аңға (shikorga¹) кетіпті. Барлық жақ тып-тыныш екен, жер бетіндегі бұл тыныштықты тек екі шақалақтың тағатсыз жылаған даусы ғана бұзып жатыр екен. Ана Хауа не істерін білмей тұрғанда оның жүрегіне әлдеқандай тартымды әлди әні келген екен:

Alla, bolam, baxtiyor,
Har ishning ham vaqti bor.
Otang ketgan shikorga,
Alla, bolam, alla yo.



¹ Shikor — аң (ov).

Айтуларға қарағанда, жер бетінде пайда болған алғашқы сәбиге айтылған әлди міне осылай басталған екен.... Жер бетіндегі әндер ана әлдиінен басталған. Біз тыңдап тыным тауып жатқан ең жақсы әндердің келіп шығуы да ана әлдиіне барып тіреледі.

(**“Ғасырларға теңдес ‘әндер’** кітабынан.)

9-сабақ. БАЛАЛАР ХАЛЫҚ ОЙЫН-ӘНДЕРІ

Ұзақ ғасырлардан бізге дейін жетіп келген балалар әндері өзбектің халық ауыз көркем шығармашылығының құрамдас бір бөлігін құрайды. Оларда жас ұрпақтың қызу өмірі, жыл мезгілдері мен әр түрлі мерекелерге деген көзқарастары өзіне тән бейнеленген.

Балалар әндерінің көпшілігі ойынмен немесе ойын кезінде айтылған. Оларға көктем мезгілінде айтылған “Binafsha”, “Chittigul”, “Yomg‘ir yog‘aloq”, “Laylak keldi” сияқты өлеңдер жатады. Мысалы, көктемде жаңбыр сіркіреп жауған кезде қуанған балалар ойынға беріліп, әзіл-қалжыңмен “Yomg‘ir yog‘aloq”, «Жау, жау, жаңбыр» әндерін айтады.



YOMG'IR YOG'ALQ

Ўзбек халық әні

Орташа жылдам

Yom - g'ir yo- g'a-loq, yam-ya-shil o't- loq, En - di
 e - kin - lar chi- qa - rar qu - loq, Yash-na - sin da -
 la, o-chil - sin lo- la, Da- la qo'y- ni -
 da oq - sin sha - lo - la.

Қайырмасы:

Tarnovdan toshib,	Yashnasin dala,	Yomg'irdan foyda,
Oqadi shoshib.	Ochilsin lola.	Maysaga, donga.
Ariqlar to'lar	Dala qo'ynida	El serob bo'lar
Zo'r anhor bo'lib.	Oqsin shalola.	Paxtaga, donga.

OQ TERAКMI, KO'K TERAК

Ўзбек халық әні

Орташа жылдам

Oq te - rak- mi, ko'k te - rak, biz- dan siz - ga



ЖАУ-ЖАУ, ЖАҢБЫР

Ш.Сариев өлеңі

К.Дүйсекеев әні

Көңілді

А- ла- тау-дың бау- ы- ры-на, А- там, ө- жем
а- у(ы)- лы-на, Ақ- ша бұлт-тар, ау- а бер- ші,
Жау-жау, жаң-быр, жа- уа бер-ші. Ба-қыт бо-лып жау-шы жаң-быр,
ме- нің ө- сем қа- ла- ма, Ба-қыт бо-лып жау- шы, жаң- быр,
ме-нің бай-тақ да- ла- ма, Ме- нің ө- сем қа-ла-ма,
ме- нің бай- тақ да- ла- ма.

Алатаудың бауырына,
Атам, әжем ауылына,
Ақша бұлттар, ауа берші,
Жау-жау, жаңбыр, жауа берші.

Қайырмасы:

Бақыт болып жаушы, жаңбыр,
Менің әсем қалама,
Бақыт болып жаушы, жаңбыр,
Менің байтақ далама,
Менің әсем қалама,
Менің байтақ далама.

Алматыдай ақ қалама,
Жасыл желек жас қалама,
Ақша бұлттар, ауа берші,
Жау-жау, жаңбыр, жауа берші.

Қайырмасы.





Лад. До мажор тональдігі

Лад сөзі “түзу”, “бір-біріне сәйкес, үндес дыбыстар” сияқты мағыналарды білдіреді. Ал әрбір жырдың күйі бір-біріне өзара байланысқан дыбыстар негізінде жүзеге келеді. Демек, лад – бұл өзара үйлесіп келген ән дыбыстарының түзілісі. Егер де біз бұл дыбыстарды тірек пердеден бастап жоғарыға қарап түзіп шықсақ, түзу дыбысқатар (басқыш) жасалады. Лад музыкалық туынды сипатын белгілеуде маңызды өлшем болып табылады.

До мажор тональдігінің негізгі тірек пердесі (тоникасы) “до” дыбысы болып табылады.

Осы мажор дыбыс қатары “до” пердесінен басталып, жоғарыға қарай төмендегіше түзіледі:



Музыкада әр түрлі ладтар ұшырайды, бірақ “**мажор**” мен “**минор**” деп аталатын ладтар кең тараған, олар түрліше сипатқа ие.

Жігерлі, көңілді, жарқын күйлерге мажор лады сай келеді.

Қайғылы және мұңды күйлерге минор лады сәйкес.



1. “Үомг‘ір уог‘алоқ” халық әнін сипаттап бер.
2. “Жау-жау, жаңбыр” халық әнін жаттап ал.
3. До мажор дыбысқатарын шырқап бер.

ЕКІНШІ ТОҚСАН

ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ МЕН БИЛЕРІ

1-сабақ. ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ

Өзбек халық ауыз әдебиетінің құрамдас бөлігін ән-жырлар құрайды. Тақырып және мазмұны жағынан алуан түрлі бұл әндер халық тіршілігін, тұрмыс-салтын көрсетеді. Сонымен бірге әндерде адамдардың Отанға, табиғатқа, қоршаған ортаға, жанұя мен дос-жолдастарға мейір сезімдері көркем бейнеленеді.

Халық әндерін бастапқыда ел арасынан шыққан диқандар, қолөнершілер, қызметшілер мен зиялылар түрлі жағдайларда шығарған. Бірақ көп жағдайларда олардың есімдері бізге белгісіз болып қалған, өйткені жаңа шығарылған ән, әдетте, жазып алынбаған, яғни ауызша айтылып, бір орындаушыдан екіншісіне, әкеден балаға, атадан немереге ұласып, халық арасына тараған. Осылайша өзбек халық әндері ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып, бізге дейін жетіп келген.

Халық әндерін айту жағдайы мен мазмұнына қарай “Еңбек әндері”, “Отбасылық (той) дәстүрлік әндер”, “Маусымдық жырлар” және “Балалар жырлары” сияқты түрлерге бөлуге болады. Бұлардан басқа, мәдени демалыс кезінде айтуға арналған лапар, ялла және өлең сияқты жырлар халық арасына кең таралған.

Ән

Әндер көбінесе 7 немесе 8 буынды өлең шумақтары негізінде (сүйемелдеусіз) айтылады. Бұнда шумақтар арасында қайталанып тұратын арнайы қайырма шумақтар болмайды.



ОН, LAYLI

Өзбек халық әні

Көңілді

Tom bo-shi-da to-g'o - ra, Tan-dir to'-la zo- g'o-

-ra, Zo- g'o- ra- ni yo- pol - may (o'r- toq)

Cho- lu kam - pir o - vo - ra.

Балалардың “Tomdan tarasha tushdi”, “Olatoy”, “Chuchvara qaynaydi” сияқты өлеңдері де ән жанрына мысал болуы мүмкін.




OFTOB CHIQDI OLAMGA

Ўзбек халық әні

Орташа

Of - tob chiq - di o - lam - ga, yu - gu - rib bor - dim
xo - lam - ga. Xo - la, xo - la kul - cha ber,
xo - lam de - di o' - tin ter, O' - tin ter - dim
bir qu - choq, non yop - dim o' - choq, o' - choq.




♪ **Ля минор дыбысқатары**

Өткен сабақтарымызда айтылғанындай минор да негізгі ладтардың бір түрі болып табылады. Әдетте минор ладында жұмсақ, қайғылы және мұңды күйлер жасалады.

Ля минор тональдігінің негізгі тірек пердесі (тоникасы) “ля” дыбысы болып табылады.

Бұл минор дыбысқатары “ля” пердесінен басталып жоғарыға қарап төмендегідей құралады.



Ля минор

Орташа



- ?! 1.** Халық әндері жайлы айтып бер.
2. “Ән” дегенде нені түсінесің?
3. “Ля минор” дыбысқатарын шырқап бер.

2–3-сабақ. ХАЛЫҚ БИЛЕРІ

Би – бұл өнер түрі, онда адамдық сезімдер белгілі бір оқиғалар қол, аяқ және дене қимылдары арқылы көрсетіледі. Әрбір халықтың сүйікті ән-күйлері болғаны сияқты ұлттық билері де бар.

Өзбек халқының сондай билерінің қатарында “Lazgi”, “Dilxiroj”, “Tanavor”, “Andijon polkasi” сияқтыларды айтуға болады. Бұл билер әр түрлі халық мерекелерінде, той-дәстүрлерінде және отбасылық жиындарда орындалған.

Халық билері өзіне тән ұлттық ерекшеліктерге ие, олар бидің күйінде, ырғағында және бишінің қимылдарында айқын байқалады. Мысалы, орыстардың “Камаринше биі” өзгеше тартымдылығы және өзілқойлығымен еліктіреді.

КАМАРИНШЕ (КАМАРИНСКАЯ)



Әзілдей



Украиндардың көңілді “Гопак” биінде адамның ептілігі мен шапшаң қимылы көрсетіледі.



ГОПАК

Шапшаң



Белорустардың өміршең “Бульба” ән-биінде картоп¹ өсімдігін егуден бастап, оның өнімін жинап алғанға дейінгі еңбек барысы бейнеленеді..

БУЛЬБА



Белорус халық ойын-әні

Көңілді

Из меш-ка бе - ри кар-тош-ку и пи-тай - ся
по - нем - нож - ку; мо-жешь есть е - ё ва - рё - ной
ильв мун - ди - ре за - пе - чён - ной. Трам-там-там, та - ра -

¹ «Картоп» сөзі беларус тілінде “бульба” деп аталады

рам, там - там, без кар - тош - ки
ху - до нам, без кар-тош-ки ху - до-нам.



“Shag’ala” (чағалай) қарақалпақ биінде ұлттық халық ойын қимылдары өлең айтумен байланысты болып келеді. Мұнда шағала құсының балық аулау үдерісі әр түрлі қимыл арқылы көркем бейнеленеді.



SHAG'ALA

Қарақалпақ халық ойын-әні

Көңілді

Shaq sha-g'a- la sha- g'a- la Jap- tin' bo-yin ja- g'a- la
I- lay suw-da ba- liq bar A- lal- may-san' sha-g'a- la.



БОЛАЙЫҚШЫ ОСЫНДАЙ

Көңілді

Өлеңі мен әнін жазған **А.Меңжанова**

Жақ - сы ба - ла ең - бек - шіл Ер а - за - мат
бо - ла - ды, Қи - ын - дық - ты же - ңіп кіл,
Құ - ша - ғы гүл то - ла - ды. Ең - бек - шіл
о - сын - дай, Бо - лай - ық - шы о - сын - дай.

Таза бала мұнтаздай,
Сүйсінеді қараған.
Ұқыпты депбұл қандай,
Жақсы көрер бар адам.



VATAN



Х.Рахмат өлеңі

Х.Хасанова музыкасы

Салтанатты



Kuy - lay-man Va- tan haq - da, So'y-lay-man u-ning haq-da.
Ni - ya- ti pok,u - lug'- dir Di - yor gul- ga to'-liq - dir.



Osh - sin ya-na dov-ru - g'i, O'y-lay- man shu-ning haq - da
U tinch- lik-ka bay-roq- dir, Shum u - rush -ga yo'l yo'q- dir.



Va-tan qo-ra ko'-zim - dir,



Dil - dan chiq - qan so' - zim - dir.



Ar -doq - lay - man o - nam - dek,



Va- tan,- xal- qim, o'- zim - dir.

Niyati pok, ulug'dir,
Diyor gulga to'liqdir.
U tinchlikka bayroqdor,
Shum urushga yo'l yo'qdir!

Қайырмасы:

Vatan qora ko'zimdir,
Dildan chiqqan so'zimdir.
Ardoqlayman onamdek,
Vatan – xalqim, o'zimdir.



Тоника

Балалар, егер мән берген болсаңдар, сендер шырқап жүрген көптеген әндер белгілі бір дыбыспен басталып, ақырында тағы сол дыбыспен аяқталады. Мұндай дыбыс әннің негізгі тірек пердесі немесе тоникасы деп аталады.

Кейде музыка туындысы тоника дыбысымен басталмауы мүмкін. Бірақ туындының соңында тоника дыбысы келуі шарт. Бұған сендер шырқап жатқан “Vatan” әні мысал бола алады.



1. Халық билері туралы нелерді білесің?
2. “Vatan” әнінің авторлары кімдер?

4–5-сабақ. ЕҢБЕК ӘНДЕРІ

Еңбек әндері — халықтың жер жырту, егін жинау, диірмен тарту, жіп иіру сияқты үдерістерде шығарылған және шырқалған.

Орындалатын еңбек түріне қарай бұл әндерді мал шаруашылығы, егіншілік және қолөнершілік секілді топтарға бөлуге болады.

Оның ішінде, егіншілік әндері де өзінің маусымына қарай түрліше болған. Атап айтқанда, жер жырту кезінде “Qo’sh haydash” (Жер жыртушы әні) шырқалған болса, егінді жинап алуда “O’rim qo’shig’i” айтылған. Ал “Хо’р hayda” әні қырманда астық бастыруда жырланған.



Хо’р hayda

Орташа

Өзбек халық әні



Хо’р hay-da - yo xo’p hay-da, xir-mon-ni qil - gil may-da,



Xir -mon-ni qil - ma-sang may-da sen-lar - ga ti - nim qay-da.

Қолөнершілік жырларын негізінен әйел-қыздар кілем тоқу, тақия тігу, ұршықта жіп иіру кезінде айтқан: Еңбек жырлары, әдетте, шумақ түрінде болады.

Ал мал шаруашылығымен айналысып келген қазақ халқы балаларын еңбектің сол түріне баулыған. Жастайынан құлаққа құятын әндердің бәрі төрт түлік малды өсіріп бағуға арналады. Солардың бірі – “Бас бармақ, балаң үйрек” әні.



URCHUQ

Орташа

Өзбек халық әні



E -shik ol- di - da qum-loq, me-ning i-pim yu-ma- loq,




E-lak i - chi - da ke - pak, me-ning ip - gi - nam i - pak.

Әндерді композиторлар да шығарады. Оның ішінде композитор Надим Нархожаевтың шумақ түрінде шығарған “Yaxshi bola” әнінде “yaxshi bola” деген сөзі қайырма сияқты қайталанып тұрады. Мұнда әннің негізгі шумақтарын жеке орындаушы шырқай бастаса, қайырма сияқты қайталанатын сөздерді бәрі қосылып айтады. Бұл әнді сен де сол тәрізде шырқа.

▲ Дауысты келтіру жаттығулары:

Асықпай



YAXSHI BOLA

Р. Момын өлеңі

Н. Нархожаев музыкасы

Орташа

Ham-ma joy - ga ya - ra - sha - di yax - shi bo - la -
yax-shi bo-la. Uy i-shi-ga qa-ra-sha-di
yax-shi bo- la yax- shi bo-la.

O'y-nab yu - rib se - vi - na - di o'z - o' - zi - dan,
yax - shi - li - gi se - zi - la - di yuz ko' - zi - dan,
yuz - ko' - zi - dan, yuz - ko' - zi - dan,
Coda
ya-shay-ver-sin ham-ma joy-da yax-shi bo-la - yax-shi bo-la.
Kel-ti - ra-di el-ga foy-da yax-shi bo-la, yax-shi bo-la.

Maktabidan qolmaydi kech,
yaxshi bola-yaxshi bola.
Ikki baho olmaydi hech,
Yaxshi bola-yaxshi bola.
Ish buyursang deydi kulib:
“Xo‘p bo‘ladi”, “xo‘p bo‘ladi”,
Sheriklari — o‘rtoqlari
Ko‘p bo‘ladi, ko‘p bo‘ladi.

Yashayversin hamma joyda
Yaxshi bola-yaxshi bola.
Keltiradi elga foyda
Yaxshi bola-yaxshi bola.



Тұрақты және тұрақсыз дыбыстар

Дыбысқатар басқыштары рим цифрларымен (I, II, III, т.б.) белгіленеді. Ол басқыштар тұрақты (негізгі) және тұрақсыз дыбыстарға бөлінеді. Мұнда I, III және V басқыштардағы дыбыстар тұрақты (немесе тірек) болып есептеліп, олардың негізінде үшдыбыстығы да жүзеге келеді. Ал II, IV VI және VII басқыш дыбыстары тұрақсыз болып, олар жанама тұрақты дыбыстарға тартылу (шешілу) қасиетін білдіреді. Мысалы:



- ?! 1. Еңбек жырлары туралы айтып бер.
 2. “Үахshi bola” әнінің нота жазуында кездесетін қайтару белгісін анықта.
 3. До мажорда келетін тұрақты дыбыстарды анықта.

6–7-сабақ. ТОЙ ДӘСТҮРІ ЖЫРЛАРЫ



Той — «өз атымен, жақын дос-жолдас, туған-туыстар дидарына, дәмді тағамдарға, жақсы ән мен күйге, күрес пен көкпар тамашасына, ойын-сауыққа, мереке шаттығына, күлкі мен қуанышқа тою болып табылады»¹.

Той дәстүрлерінде музыка маңызды орын алады. Мұнда әрі аспапты музыка, әрі өлең жырлары көрініс табады. Атап айтқанда,

¹ Махмұт Саттар. “O‘zbekudumlari”. Ташкент. Фан. 1993 жыл. 113-бет.

той дәстүрлерінде керней, сурнай мен нағарадан құралған ансамбльдің орындауындағы күйлер халыққа той басталғанын хабарлайды да тыңдаушыда салтанатты мерекелік көңіл-күй оятады, би билеуге шақырады, оны сүйемелдейді.

Тойларда, әдетте, “Navo”, “Navo Charxi”, “Begi Sulton” сияқты күйлер орындалады.

SURNAY NAVOSI



Орташа

Өзбек халық күйі



Келінді күйеудікіне ұзатып бару кезінде әйелдер айтатын “Yor-yor”лар неке тойы дәстүрінің ең көркем жыр үлгісі болып табылады. Ал неке тойының ертеңіне таңертең күйеудің ата-анасы, туған-туыстары және көрші-қолаңдарына келіннің атынан “Kelin salom” дәстүрі өткізіледі. Арнайы “Kelin salom” айтушы белгілі бір әуенде сәлем айтып тұрылады, ал келін иіліп сәлем салып тұрады.



ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНЫҢ ӘНДЕРІ МЕН КҮЙЛЕРІ

Тұрмыс-салт жырларының бірі — үйлену тойының әндері мен күйлері. Үйлену тойының әндеріне жар-жар, беташар жатады. Жар-жар қазақ халқының үйлену тойларында айтылады. Оны тойға жиналған жігіттер мен қыздар орындайды. Олар екі жасқа жақсы ниет, тілектер айтады. Ата-ананың арман-тілегін, ананың ақ сүтін ақтауды міндет етеді.

Беташар — жас келінге өлең түрінде айтылатын ақыл-кеңес. Онда келінді елін сүйге, ата-енесін ардақтауға, инабатты, әдепті болуға шақырады.



БЕТАШАР

Айт, келін-ау, айт, келін,
Атыңның басын тарт, келін.
Сауысқаннан сақ келін!
Жұмыртқадан ақ келін!

ЖАР-ЖАР

Әбдірахман Асылбеков өлеңі

Қазақтың халық әні

Орташа

Ос(ы) ө-мір-ге ы-лай-ық, от- ты жа-ғып жар-жар Ке-ле-д(i) өне
е- кі жас, топ-ты жа-рып, жар-жар. Ұ- ял-маң-дар, ке-лің-дер,
кү-ту-де-міз, жар-жар. Бүгін-гі күн та-ма-ша! Кел жыр-лай-ық, жар-жар!



MUNOJOT



Салмақты

Өзбек классик күйі

Құрметті оқушылар! Сендер нотаға қарап жаттығу жасаған музыка үлгісін халқымыз ежелден сүйіп айтқан “Munojot” күйінің бастауыш бөлімінен алынған.

Өзбекстан халық әртісі, музыкант әрі сазгер Имамжан Икрамов (1891—1980) бұл күйге ұлы Әлішер Науаиының “Sarvi gulro‘ kelmasi” ғазеліне байланыстырып, оның ән әуенін жазған. Бұл ән былай басталады:



**Имамжан
Икрамов**

MUNOJOT (Sarvi gulro' kelmadi)



Ә.Науаи ғазелі

И.Икрамов музыкасы

Салмақты

Ke-cha kel - gum - dur de - bon - - - ul

sar-vi gul - - ro' kel - ma- di- yo...

The image shows a musical score for the song 'Munojot'. It consists of two staves of music in G major and 2/4 time. The first staff contains the lyrics 'Ke-cha kel - gum - dur de - bon - - - ul' and the second staff contains 'sar-vi gul - - ro' kel - ma- di- yo...'. The music is written in a simple, melodic style with a key signature of one sharp (F#) and a time signature of 2/4.

Егер назар аударған болсаң, осы “Munojot” әні сен нотаға қарап орындаған “Munojot” үзіндісінен белгілі бір дәрежеде өзгешелеу. Атап өтсек, ән жолының күйі 4/4 такт өлшемінде емес, сондай-ақ 2/4 такт өлшемінде берілген.

И.Икрамов “Cho‘li Iroq”, “Ajam” атты классикалық күйлерге де Ә.Науаинның ғазелдерін үндестіріп, оларды халқымызға ұсынған атақты өнер иесі болып табылады. Сонымен бірге И.Икрамовтың “So‘lim”, “Indamadi”, “Gul teraman saralab”, “Topilmas”, “Qoshi qarosini ko‘ring”, “Ul qaro ko‘z”, “Kim desun” сияқты көптеген өлеңдері мен әндері халқымыздың жүрегінен тиянақты орын алған.-

- ?! 1.** Той жырлары туралы нелерді білесің?
2. Имамжан Икрамовтың қандай шығармаларын білесің?

ПЫСЫҚТАУФА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қандай жырлар “Ораза жырлары” деп аталады?

- A) Ораза айында айтылатын өндер.
- B) Балалар өндері.
- D) Той және жиындарда шырқалатын өндер.

2. “Yalla” деп нені айтады?

- A) Музыкашылар ұжымын.
- B) Шумақ-қайырма түріндегі күй мен биді.
- D) Ішекті аспапта ойнаушылар ұжымын.

3. Халық өндерін ең алдын кімдер шығарған?

- A) Диқандар, қолөнершілер, зиялылар.
- B) Сазгерлер.
- D) Композитор мен ақындар.

4. Тұрақты дыбыстарды анықта.

- A) II, IV, VI
- B) I, III, V
- D) I, VII, III


5. Қандай өндер “Еңбек өндері” деп аталады?

- A) Отансүйгіштік рухындағы өндер.
- B) Балалар өндері.
- D) Еңбек етумен байланысты өндер.

6. Той дәстүрінің әндерін анықта.

- A) “Yor-yor”, “Munojot”, “Yaxshi bola”.
- B) “Munojot”, “Vatan”.
- D) “Yor-yor”, “Munojot”, “Surnay navosi”.

7. Төмендегі сұрақтарды оқы және торкөздерді толтыр (жауаптар өзбек тілінде).



- 1. Шумақ пен қайырма түріндегі жыр және би жанры.
- 2. Сәбилердің алғашқы есітетін әні.
- 3. Украин халық биі.
- 4. Беларус халық ән-биі.
- 5. Өзбек ұлттық соқпалы аспабы.
- 6. Екі немесе көпшілік болып шырқалатын айтыс.

ҮШІНШІ ТОҚСАН

МЕРЕКЕ ЖӘНЕ МАУСЫМ ӘНДЕРІ

1-2-сабақ. ҚЫС МЕЗГІЛІ ӘНДЕРІ

Қыс мезгілінде диқан да, жер де демалады. Осындай кездерде ауыл адамдары, көрші-қоландар, туған-туысқандар, тең құрбы жастар жиналып, шағын жиын кештерін өткізген. Мұндай шағын жиын кештері негізінде «қыс күндеріне арналады да, ұзақ қыс түндерін қызықты да мазмұнды етіп, көңіл көтеру үшін ұйымдастырылған»¹.



¹ Махмұт Саттар. «O'zbek udumlari». Т., Фан. 1993 жыл. 113-бет.



АЯЗ АТА

Ш. Мұхамеджанов өлеңі

С.Мұхамеджанов әні

Асықпай, әндете



1. Ақ та-я-ғын та-я-нып, Таң-мен бір-ге о-я-нып,



А-яз а-та ке-ліп тұр, Ақ кү-пі-ге о-ра-

Қайырмасы:



нып. Ал,ба-ла-лар,тұрмайық, Би би-ле-йік, ой-на-йық. А-яз а-та



ку-ан-сын, Дөң-ге-ле-ніп зыр-ла-йық.- йық.

Кетті көңіл шалқып-ақ,
Жұлдыздардай қалтырап.
Аяз ата үстінде
Ақша қар жүр жалтырап.

Қайырмасы:

Ал,балалар,тұрмайық,
Би билейік,ойнайық.
Аяз ата қуансын,
Дөңгеленіп зырлайық.

Қайырмасы:

Ал,балалар,тұрмайық,
Би билейік,ойнайық.
Аяз ата қуансын,
Дөңгеленіп зырлайық.

Көрдің бе Аяз атаны?
Аппақ екен сақалы.
Аппақ екен мұрты да,
Аппақ екен шапаны.

▲ **Эн салу жаттыгуларын шырқа.**

a)

b)



BIZ ASKARMIZ



И. Рахман өлеңі

Н. Нархожаев музыкасы

Марш қарқынында

Biz as- kar- miz, pos-bon- miz, U -lug' yo'l- da kar- von - miz.

Tinch-lik u- chun qal- qon- miz, Hech bu- zil - mas qo'r-g'on-miz.

Biz as - kar- miz, pos- bon-miz, U -lug' yo'l- da kar-von - miz.

Tinch-lik u- chun qal- qon- miz, Hech bu -zil - mas qo'r-g'on-miz.

Қайырмасы:

Bir, ik-ki, uch, bir, ik - ki... Ay-ting, mar-ra kim-ni - ki? Al-

bat mar - ra biz - ni - ki, Ja - sur o'g'lon, qiz-ni - ki. Al-

bat mar-ra biz- ni - ki, Ja-sur o'g'lon, qiz-ni - ki.

Ona yurt Turkistonda,
Yer-u osmon, ummonda
Chiniqishni qo'ymaymiz,
Tinchlik kuyin kuylaymiz.

Қайырмасы:



Үшдыбыстық



Өткен сабақтарда сендер мажор, минор, тоника, тұрақты және тұрақсыз дыбыстар туралы мәліметке ие болдыңдар. Негізгі тірек баспалдақ (I) пен III және V баспалдақтарда орналасқан тұрақты дыбыстар қосылып тоника үшдыбыстығын жасайды.

I III V

Бұл үшдыбыстықтың аккорд¹ түріндегі көрінісі төмендегідей жазылады.

¹ Аккорд (италиянша *cordo fr. accord* – ынтымақтық) түрлі биіктіктегі үш және одан артық дыбыстардың қосылып тұтас күйде күй шығаруы.

Мажор үшдыбыстығы үлкен “Т”, ал минор үшдыбыстығы кішкене “t” әрпімен белгіленеді.



- ?! 1.** “Biz askarmiz” әнін жаттап ал да алған әсеріңді айтып бер.
2. До мажорда үшдыбыстықты төмендегі тәртіппен шырқа.
I-III-V; I-V-III; III-I-V.

3-4-сабақ. БАҚШЫЛЫҚ ӨНЕР

Бас қосу жиындарда қонақжайлылық, қызықты әңгімелер, түрлі ойындармен бірге өлеңдер оқылған, ән, жыр және яллалар айтылған, бақшылардың орындауында терме мен дастандар тыңдалған.

Бақшы — бұл “Alpomish”, “Go‘ro‘g‘li”, “Avazxon” сияқты дастандардың шығарушысы әрі орындаушысы болып, ол дастандарды әрі айтып, әрі жырлап береді. Ал домбыра аспабы (кейде қобыз, дутар) сүйемелдеуші саз ретінде пайдаланылады.



**Халық бақшысы
Умарқұл
Пулканұлы**



- ⊙ **“Alpomish” пен “Go‘ro‘g‘li”, “Oshiq G‘arib va Shohsanam” дастандарынан үлгілер тыңда.**

“Oshiq G‘arib va Shohsanam” дастанынынан алынған үзінді.



Uzoq yerdan kelgan aziz mehmonim,
 O'g'lima o'xshaydi ovozing seni.
 Tez xabarin bergin chiqmasdan jonim,
 Bolama o'xshaydi ovozing sani.

O'g'lim borgan yerga sen ham boribsan,
 O'g'lim bilan soz-u suhbat quribsan,
 Yo o'g'limsan, yo o'g'limni ko'ribsan,
 O'g'lima o'xshaydi ovozing sani.

△ “Onajonim, sog‘ bo‘ling” энін айтуды үйрен.

ONAJONIM, SOG‘ BO‘LING

М.Дадабаев өлеңі және музыкасы

Орташа

mf

mf

1. Meh-ri dar-yo

o-na, siz, so'z-la-ri dur - do-na-siz. Eng a-ziz ham-



3. Issiq chehra yuzingiz,
Chaqnab turar ko'zingiz,
Bizga g'amxo'r o'zingiz,
Onajonim, sog' bo'ling,
Jismi jonim, sog' bo'ling.

4. Sizsiz bizning baxtimiz,
Boyligimiz, taxtimiz,
Sizga xizmat – ahdimiz,
Onajonim, sog' bo'ling,
Jonajonim, sog' bo'ling.



БАҚШЫНЫҢ ЕРЛІГІ

— Қақпаны ашамыз, құмырсқа мен шегіртке сияқты бастырып келген шөл көшпенділеріне енді тең келіп болмайды. Қақпаны ашпасақ, қаланы не суға батырады, немесе от қойып жаншып тастайды, — депті Ташкент биі бәле-қазадай төніп, қала қабырғаларын бұзып жатқан дұшпандардан қорқа түсіп.

— Биіміз дұрыс айтады, кілттерді тапсыру керек. Олар көп, біз азбыз. Енді біраздан соң бастырып кіріп, қырып-жояды, — деп оң қол көмекшісі оның сөзін мақұлдады.

Басқалар да оған қосылды. Содан соң Ташкент ақсақалдары кеңесіп, қақпаны дұшпанға ашып бермекші болды. Сол кезде босағада жыртық киімді, бет-аузы қан бір жігіт пайда болыпты.

— Жоқ, қақпаны ашпаймыз. Басқыншылар қалаға кірсе, оны қиратып, ұлдарымызды құлға, қыздарымызды күңге айналдырады. Құп десеңіздер, мен өзім басқыншыларды бұзық ниеттерінен бас тартқызып, артына қайтарамын, — депті.

— Қалайша?! Сонша дұшпанды ма? — деп қайран болыпты жиналғандар.

Би де:

— Бос сөз! Осынша жігіттер жоқ ете алмаған дұшпанды бір өзің қалай көзін жоя аласың?! — депті таң болып.— Бір өзі дұшпанға қарсы тұра алмайды. Кілтті дұшпандар қолына тапсыру керек.

Жан-жақтан айқай-шу көтеріліпті. Сонда әлігі жігіт:

— Соғысқа мен қатыстым. Ия, жауды қылышпен жоқ ете алмадық, жоқ ете алмаймыз да. Дегенмен

мен бақшымын. Қане, домбырамды іске салайыншы! Бәлкім, қылыш жоя алмағанды домбыра жоятын шығар, — депті.

Би бастаған ақсақалдар ойлап-ойлап, ақыры бақшының ұсынысына разы болыпты. Бақшы жігіт домбырасын қолына алып, қорғанның ең биік жеріне шығып, дұшпан тұрған жаққа қарап алып, домбырасын тарта бастапты. Басқыншылардың бірі оны садақпен атып құлатпақшы болған екен, қолбасшысы рұқсат етпепті.

— Әй, жігіт, бер жаққа түс, — деп айқайлапты.

Бақшы жігіт қорғанның сыртына шығыпты.

— Кімсің, кәсібің не? — деп сұрапты қолбасшы.

— Бақшымын, — деп жауап беріпті ол.

— Бақшы болсаң, жақсы адам екенсің. Қолыңдағы домбыраңмен бір сәтте мені әрі күлдіріп, әрі жылата алсаң, сені аман қалдырып, еліңді қоршауды тоқтатып, арқама қайтып кетемін. Ал егер орындай алмасаң, теріңді сылып, денеңді дарға асырамын. Қалаңды көкке ұшырып, жермен-жексен етемін, — депті.

Бақшы жігіт разы болыпты. Өйткені бақшы жігіттің өзі де, домбырасы да дайын тұрған екен! Ол домбырасына қарап: «Тұлпарым, күшіңді көрсет, сен сайрағанда мұның күлкіден ішегі үзілсін, жылаудан көзі жұмылсын» депті де, құлағын бұрай бастапты.

Домбыра сол жердің тұтынан жасалған емес пе, бақшы жігіттің сөзін «мақұлдағандай» шашақтарын сілкітіп, «сайрай» бастапты. Ол домбырамен жырлағанда, тау да, жер де тебіреніпті, ағаш-бұталар дүр сілкініпті. Бір кезде басқыншы қолбасшының көзінен жасы парлап:

— Жетер, болды енді, жүрегімді езіп жібердің! — деп оны зорға тоқтатыпты.

Бақшы жігіт домбыра тартып, жыр жырлаудан тоқтапты. Кейін тағы да жыр бастапты. Жырдың шарықтау шегіне жеткенде, дұшпан бастығының күлкіден ішектері үзіле жаздапты. Барлығы қайран болыпты. Себебі, қолбасшы бүкіл өмірінде мұндай халге түспеген екен, яғни бір сәтте әрі жылап, әрі күлмеген екен!

Қолбасшы өзіне келіп:

— Көп жерлерді қылыш күшімен бойсұндырдым. Бірақ сені бойсұндыра алмадым, жырың тізе бүктірді. Мен ниетімнен қайттым. Артыма қайтамын. Бірақ бір өтініш жасасам, қарсы болмайсың ба? — депті.

— Айтыңыз, — депті бақшы жігіт.

— Менімен бірге кетсең, оң қол уәзірім етіп аламын. Бүкіл өмірің рақат-молшылықта өтеді, — депті қолбасшы.

— Жоқ, мен осы жерде тудым, осында өлемін, — депті бақшы.

Сөйтіп, бақшы жігіттің домбырасы мен жыры Ташкент бекінісі қирап, елі талан-тараж болудан сақтап қалған екен.

(«**Өзбек көне қолжазбалары, хикметтері, аңыздары**» кітабынан.)

- ?!** 1. “Alpomish” дастанынан алынған үлгінің мазмұнын айтып бер
2. “Onajonim sog‘ bo‘ling” өнінің авторлары кімдер?
3. “Baxshi jasorati” аңызы не жайлы?

5–6-сабақ. КӨКТЕМ МЕЗГІЛІ ӘНДЕРІ

Өзбек халқының жыл айлары мен мезгілдеріне байланысты өткізілетін дәстүрлі салт пен әдет-ғұрыптары бар. Мысалы, көрікті көктем мезгілінде Наурыз мерекесі кең атап өтілген, қызғалдақ серуендері және егіншілік жұмыстарының басталуына байланысты “Shox moylar” дәстүрі өткізілген. Сондай-ақ, күз мезгілінде жиым-терім жұмыстары жүргізілген болса, қыс мезгілінде көңіл көтеру кештері ұйымдастырылған. Халықтың ауызша музыкалық шығармашылығында сол секілді маусым-дәстүрлерге тікелей (немесе жанама) байланысты әндер де жүзеге келген.

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ЖЫРЛАРЫ

Көрікті көктемді мереке мезгілі деп атайды. Өйткені бұл мезгілде Наурыз, яғни жаңа жыл мерекесі кең тойланады. Наурыз мерекесінде жыр-яллалар жырланады, өлең-айтыстар мен алуан түрлі қызықты ойындар өткізіледі. Сондай-ақ, бұл мерекеде көктем өсімдіктері өніп шығуына қатысты айтылатын арнайы жырлар да бар. Мысалы, бәйшешек пен қоғажайлардың ашылуы шаттық сезімдеріне себеп болған және бұл сезімдер арнайы жырларда өз көрінісін тапқан. Бұл күйді, атап айтқанда, бәйшешек жөніндегі әндерде сезінеміз. Бәйшешек Наурыздың хабаршысы болып саналған, себебі оның өніп-өсіп шығуы Наурыз күніне тура келеді. Сондықтан бәйшешекті қыр-адырлардан



теріп әкеліп, ол туралы шаттық жырын үйме-үй жүріп жырлаған да солайша бұл жақсы хабарды көрші-қолаңға, ауыл халқына жеткізген.



BOYCHECHAK

Өзбек халық әні

Ойнақы

Boy-che-cha-gim bog'-lan-di, qo-zon to'- la ay- ron-dir,
Ay-ro-ning-dan ber-ma-sang, qo-zon-la-ring vay-ron-dir.
Qat-tiq yer-dan qaz-lab chiq-qan boy-che-chak, yum-shoq yer-dan
yu-gu-rib chiq-qan boy-che-chak. Boy-che-chak-ni tut-di-lar,
tut yo-g'och-ga os-di-lar, qi-lich bi-lan
chop-di-lar, bax-mal bi-lan yop-di-lar.

Наурыз күндері шаттық сезімдерін сипаттайтын сазды аспап күйлері де ойналған. Сол сияқты көне күйлердің жырлары біздің дәуірге де жеткен. Соның қатарында, “Bahor keldi”, “Lola” сияқты өзбек халық әндері соларға жатады.



BAHOR KELDI

Өзбек халық әні

Асықпай

Ba-hor kel-di, o- chil -di gul- lar har yon- da,
 Bul-bul-lar say- ra - sha - di u yon- bu yon- da.

Toshdan toshga echkilar Tog'dan ko'lga tiniq suv
 Sakrab o'ynaydi. Tushdi shildirab,
 Tog' bag'rida qo'zilar Ko'l ichida suv to'la
 O'tlab ma'raydi. Turar miltillab.

Көктем мезгилинде қыр-адырларда қызғалдақтар ашылып, табиғат көріністері көркейе түседі. Сондай шақтарда халқымыз қызғалдақ серуені мерекесін өткізген. Жастар, өспірім балалар қыр-адырларда серуендеп, құшақ-құшақ қызғалдақ терген, кейін оларды көрші-қолаңдарға, туған-туыстарына үлес-тірген және қызғалдақ туралы жырлар айтып, түрлі ойындар ойнаған.



LOLA

Өзбек халық әні

Ойнақы

Lo - la, lo - la, lo - la - jon, o' - sar jo - ying da - la - da,

Lo - la, lo - la, lo - la - jon, chi - da - ding - mi ja - la - ga,

Yur, sa - yil - ga bo - ray - lik, lo - la - lar - ni ko' - ray - lik,

Qu - cho - g' i - miz to' l - di - rib lo - la - gul - lar te - ray - lik.


Көркем көктем көріністері сазгерлеріміз шығарған күй мен әндерде де өз көрінісін тапқан. Атап айтқанда халқымыздың сүйікті өнер иесі Юнус Ражаби шығарған “Bahorim” күйінде көркем мезгілмен оянған нәзік сезімдер сипаты сезінеді.



BAHORIM

Юнус Ражаби музыкасы


Орташа жылдам



КӨКТЕМ

И.Искендеров өлеңі

Қ.Қожамияров әні



“Сү- лу көр- кің бұл- бұл- дар- ды
сай- рат- ты” сай рат- ты.

Деп тұрғандай құшағынды жай мұнда,
Көз тартады гүлді кілем жер-көкте.
Жас құрақтар төне түсіп айдыңға,
Асыққандай өз дидарын көрмекке.



НАУРЫЗ

М.Сарынова өлеңі

Б.Есдәулетова әні

Көңілді

mf

Кел, ба-ла-лар ой- най- ық, Нау-рыз той-ын той- лай-ық Ба-ян-ды боп

ме- ре-ке қыр гү-лін-дей жай-най-ық. Нау- рыз, Нау- рыз,

Наурыз жыл ба-сы, Нау- рыз, Нау-рыз ба-қыт жал-ға-сы.



Нау- рыз, Нау- рыз, Нау- рыз жыл ба- сы,



Нау- рыз, Нау -рыз ба- қыт жал- ға- сы.

Алпыс жылдай жоғалып,
Қайта оралған, Наурызым.
Талаптары тас бұзып,
Сайрандайды ұл-қызың.



Наурыз, Наурыз — жыл басы,
Наурыз, Наурыз — бақыт жалғасы.

Наурыз келді тамаша,
Ән айтамыз таласа.
Апам, атам той тойлап,
Қуанып жүр балаша.

Наурыз, Наурыз — жыл басы,
Наурыз, Наурыз – бақыт жалғасы.



 Берілген дыбысқатарларды анықта. Нота дәптеріңе тұрақты дыбыстарды жартылық созылымда, ал тұрақсыздарды ширектік созылымдарда жаз.



- ?! 1.** Көктем мезгіліне арналған қандай әндерді білесің?
2. “Bahor keldi” әнінің негізгі тірек пердесін анықта.
3. “Көктем” әнін жаттап ал.

7-8-сабақ. КӨКТЕМ ЕЛШІЛЕРІ ЖӘНЕ ТАБИФАТ

Бізге белгілі, халқымыз ертеден дегелек, тырна, қарлығаш сияқты құстарды көктем елшілері ретінде қадірлеп келген. Өйткені бұл құстардың ұшып келуі жақсы күндерден “хабар” берген. Мысалы, ерте көктемде дегелекті көру бақыттың нышаны десе, дегелек ұшып келген жақтан көрінген адам ауылға құт-береке әкеледі, деп сенген. Солардың қатарында, ерте ұшып келген тырна ерте көктемді білдірсе, төмен ұшқан тырна ырыс-несібе өнімді болуын білдірген және сол сияқтылар¹.

¹ Наурыз. Құрастырушылар: Т. Мирзаев, М. Жураев. Ташкент; Фан, 1992. 85 – 90-б.

Балалар құстардың ұшып келуін асыға күткен. Себебі, құстар жылы күндер басталуының «хабаршысы» еді. Сондықтан, мысалы, дегелектің ұшып келгенін көрген балалар “Laylak keldi” өлеңін айтқан және бұл туралы үлкендерге хабарлауға асыққан.

Laylak keldi, yoz bo'ldi,
Qanoti qog'oz bo'ldi.
Dala-dashtlar qulf urib,
Daryo bo'yi soz bo'ldi...

Кейде өтештердің қоңыраудай дауыстары да балалардың шаттануына себеп болып, өздері де өтештердің даусын “қо-қолап” ұқсата бастаған. Осылайша өтеш туралы өлеңдер жүзеге келген.



ҚАРЛЫҒАШ

С.Жиенбаев өлең

Б.Физатов әні

Асықпай, әндете




Дау-сың-ды ес-тіп тұр-мын, қар-лы-ға- шым, Шы-рыл-дап не - ге сон-



ша қар-лы-ға- сың, Ти-мей-мін ұ - я - да - ғы



ба - ла - пан - ға, сен не - ге сон - ша ма - ған



Білем мен талай жерді араладың,
Шарқ ұрып ойладың да бала қамын.
Сол үшін ана жаның елжіреді,
Келмейді жүрегіңді жаралағым.

Білем мен қасиетті ана сырын,
Шырқырап бөбегіне жаны ашырын.
Тимеймін балапанға, мен де сондай,
Біредің әлдилеген баласымын.





BULBULCHA

М. Қучқаров өлеңі

М. Насимов музыкасы

Жұмсақ

O' - zing kich-ki - na, o - vo - zing yax - shi.
Qa - ni, bul - bul - cham, bir say - rab ber - chi.
Qa - ni, bul - bul - cham, bir say - rab ber - chi.
May - li, o' r - toq - jon, May - li, say - ray - man.
Ko' m - ko' k bo - g'ing - da u - chib yay - ray - man.

O'zing kichkina,
Ovozing yaxshi.
Qani, bulbulcham,
Bir sayrab ber-chi.

Shirin bulbulcham,
Kuylayver chaq-chaq.
Tinglab qo'shig'ing
Dillar xushchaqchaq.


Mayli, o'rtoqjon,
Mayli, sayrayman.
Ko'm-ko'k bog'ingda
Uchib yayrayman.

Mehnat qilibsana,
Ekibsana gullar.
Gulni sevamiz
Bizlar — bulbullar.



ТОН ЖӘНЕ ЖАРТЫ ТОН

Музыка дыбыстарының арасында әр түрлі аралық бар. Бұл аралық тон және жарты тонмен өлшенеді. Мұнда тон екі жарты тондыққа тең болса, екі жарты тон бір тонды құрайды. Мысалы, до-мажор дыбысқатарда жарты тон аралығы “ми” және “фа”, “си” және “до” дыбыстары арасында жүзеге келеді. Тон және жарты тондықты анық ұғыну үшін күйсандық клавиштеріне қараймыз.




Ортасында қара клавиш болған екі ақ клавиш аралығы бір тонға тең болады.

Керісінше, арасында қара клавиші болмаған екі ақ клавиш аралығы жарты тонды құрайды.

Жарты тон аралығындағы дыбыстарды шырқағанда дауыста жарты “адым” тастағандай боламыз, яғни даусыңды аздап жоғарыға көтересің немесе төменге түсіресің. Демек, жарты тон аралығындағы дыбыстар бір-біріне өте жақын орналасқан.

Нота мысалдарындағы қай дыбыстар арасында жарты тондар жасалуын анықта:



- ?! 1. Құстар туралы қандай әндерді білесің?
2. “Bulbulcha” әнінің негізгі тірек пердесін анықта.
3. “Қарлығаш” әнін жаттап ал.

9-10-сабақ. САЗГЕР КАМИЛЖАН ЖАППАРОВ

Өзбекстан халық әртісі, музыкашы және сазгер Камилжан Жаппаров (1914–1975) ұлттық музыкамыздың дамуына үлкен үлес қосқан өнер иесі болыптабылады. Ол бастапқыда ағасы Момынжаннан ғижжак тартуды үйрене бастады. Кейін келе ұстаздары — Рузимат Исабаевтан чанг, ғижжак және танбур, Сабыржан Сыдықовтан ғижжак және Мухиддинқажы Нажмиддиновтан дутар тартуды үйренді. Кәмелетке жеткен соң, К. Жаппаров музыка өнерінің әрі орындаушылық, әрі шығармашылық салаларында жемісті еңбек етті. Оның ішінде, ол ғижжакта “Gul mavsumi”, “Navo”, “Dugohi Husayn” сияқты күрделі құрылған классикалық күйлерді жоғары шеберлікпен орындаған. Сонымен бірге К. Жаппаров музыкалы



**Камилжан
Жаппаров**

драма, күй, ән және жыр саласында да салмақты шығармашылық жасады. Солардың қатарында, композитор Сұлтан Хайтбаевпен бірге “G’ulja ustida nur”, композитор Дани Закировпен бірге “Nodira», «Mening jannatim” атты драмаларға музыка жазды. Сондай-ақ, көптеген ән мен жырлар шығарды. “Obod o’lkam”, “Toshkent piyolasi”, “Diyorimsan”, “Shifokorlar”, “Sog’indim”, “Mubtalo bo’ldim senga”, “Assalom”, “Vatan”, “Ko’zlaring”, “Ey pari”, “Etmasmidim”, “Nazzora qil”, “Bu ko’ngil” соларға жатады. Мысалы, музыкашының ақын Хабиби сөзіне жазған шалқыған күйлі “Diyorimsan” әні халқымыз арасында танымалды болып кеткен. Бұл ән былайша басталады:



DIYORIMSAN

Хабиби сөзі

К. Жаппаров музыкасы

Орташа жылдамдық

Еу о - zod, go'- zal

o'l - kam (jo - ni -mey), hur - mat - li di- yo-

rim - san, Ko'p zah - mat i - la
top - gan (jo - ni - mey) bax - tim - sa - nu yo -
rim - san. Jo - nim ka - bi as -
ray - man, no - mus i - la o - rim - san
Ko'ng - lim o - chi - lur boq - sam (jo - ni - mey),
o - ro - mu qa - ro - rim - san.

Qo'yningda o'sar yayrab eng baxtiyor insonlar,
Boshdan-oyoq oq oltin sahro-yu biyobonlar.
Albatta o'tar yuzdan zo'r ahd ila paymonlar,
Oltinga xazinamsan, bog'im-la bahorimsan,
Har yerda madadkorim, har ishda madorimsan!



KAPALAK VA KAMALAK

Н. Нарзуллаев өлеңі

Н. Нархожаев музыкасы

Көңілді

Gul - ga qo'-nib ka - pa - lak.
qa-no-ti-ni o'y - na - tar. Ko'k- da chaq-nab ka-ma - lak,
yet-ti rang-da raqs - e - tar Gul - ga Ka - pa -
lak - jon, ka - pa - lak, sen ham men - day sho'x - mi - san?
Uy - da yol- g'iz o'l - ti - rib, Ze-ri-kish-ga yo'q -mi-san?
Ka - pa, Ze - ri - kish - ga yo'q - mi - san?

Gulga qo'nib kapalak,
Qanotini o'ynatar.
Ko'kda chaqnab kamalak,
Yetti rangda raqs etar.

Kapalakjon kapalak,
Sen ham menday
sho'xmisan?
Uyda yolg'iz o'tirib,
Zerikishga yo'qmisan?






Альтерация белгілері

Музыкада альтерация дегенде біз дыбыстарды өзгертуді түсінеміз. Демек, негізгі дыбыстардың көтерілуі мен төмендеуі альтерация деп айтылады. Альтерация белгілері төмендегідей:

Диез # – дыбыс биіктігін 0,5 тонға көтереді;



до-диез




соль-диез



фа-диез

Бемоль b – дыбыс биіктігі 0,5 тонға төмендетеді;



ми-бемоль



си-бемоль

Бекар ♮ – көтеру және төмендету белгілерін жоққа шығарады.



фа-диез фа-бекар



си-бемоль си-бекар



1. “Diyorimsan” әнін жазған кім?
2. Сазгер К.Жаппаров шығармашылығы туралы айтып бер.
3. “Karalak va kamalak” өлеңін жаттап ал.

ТӨРТІНШІ ТОҚСАН

ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

1-2-сабақ. ІШЕКТІ АСПАПТАР

Өзбек халық музыкалық аспаптарын үш топқа бөлу мүмкін:

1. Ішекті аспаптар;
2. Үрлемелі (үрleme) аспаптар;
3. Соқпалы аспаптар.

Ішекті аспаптарда дыбыс жасау құралдары әр түрлі. Атап өтсек, дутар және домбыра аспаптары шертіп ойналады. Ал танбур ішектері сұқ саусаққа киілетін арнаулы тетік — “нохун” (металдан жасалады) шертпе тетікпен шертіледі.



Дутар



Танбур

Қонун аспабы да саусақтарға кигізілетін арнаулы шертпе тетіктермен тырнап шертіледі.



Қонун

Қашқар рубабы, ауған рубабы, уд сияқты аспаптар шертпе тетік (медиатор) арқылы тартылады.



Қашқар рубабы



Ауған рубабы



Уд

Домбыра — қағып, шертіп ойнайтын музыкалық аспап. Қазақтың ән-күй орындаушылық дәстүріне байланысты домбыра аспабының бір-неше түрі бар, Қазір домбыраның екі түрі кездеседі. Негізінен 2 ішекті болып келеді. 3 ішекті домбыралар да бар.



Ішекті аспаптарды арнаулы ысқыш арқылы да тарту мүмкін. Фижжак, қобыз, сато сондай ішекті-ысқышты аспаптарға жатады.



Фижжак



Сато



Қобыз

Чанг аспабы екі таяқша арқылы ұрып және шертіп (тырнап) тартылады.



Чанг





АҲАМ II (кўйи)

Ўзбек классик кўйи

Орташа жылдам



КО‘КЛАМ КЕЛАДИ



П. Момын олеңи

Ш. Ерматов музыкаси

Орташа жылдам

Har yi- li ko'k -lam ke-la-di, na-na-na na, na-na-na-na.

Ya-na ham ko'r - kam ke-la-di, na-na-na na, na-na-na-na.

I-liq -lan-sa ha-ro-rat, el- ga ro-hat- ha-lo-vat, El- ga ro-
Bu-lut qo-chib yig' -lay- di,

hat ha-lo- vat o...

A-riq -qa suv sig'-may- di,
O...
Bo'-yin cho'-zib sha- mol - ga, So-vuq qo-
char shi-mol-ga. Har yi -li ko'k-lam ke-la-di,
na-na-na na, na-na-na-na. Ya-na ham ko'r -kam ke-la-di,
na- na- na na, na-na-na-na. Ya-na ham ko'r-
kam ke- la- di,

Chumoli ham tinmaydi,
Bekorchi ko'rinmaydi.
Ko'klam bilan albatta,
Har jonzot harakatda.

Bag'rini keng ochar yer,
Ishlaganda chiqar ter.
Har yili ko'klam keladi,
Yana ham ko'rkam keladi.

АУҒАН РУБАБЫ ТУРАЛЫ АҢЫЗ



Бұхара ханының сұлулықта теңі жоқ бір қызы бар екен. Бірақ ол ұйқысыздыққа ұшыраған, сырқат екен. “Қызым өліп қалмай ма екен?” деп хан күні-түні қайғырады екен. Қаратпаған тәуібі, көрсетпеген көріпкелі қалмапты. Бәрібір қыз сауықпай, жағдайы күннен күнге нашарлай түсіпті. Қызды таңертең Лаби Хауз алдына шығарып қоятын да кешке сарайдың ішіне кіргізеді екен. Ханның қызы Лаби Хаузда отырып, бақта жүрген тауыстарға қадалып қиялға беріледі екен. Оларды өте жақсы көреді екен. Тауыстар қауырсындарын жайса, көңілі жадырап, ойынға түссе қуанады екен. Әрқашан: “Осы тауыстар сөйлесіп, ән айтып, билесе ғой?” – дейді екен. Бұхарада жасайтын бір ауған жігіті бұдан хабардар болып қалыпты. Ол шебер ұста екен, тіпті құраған ағашқа да “жан кіргізіп” жібереді екен. Өнерін жұмсап, тауысқа ұқсаған бір аспап жасапты. Оны алып ханның сарайына барыпты. Ханға барып: “Мен қызыңызды емдеймін”, — депті. Хан разы болыпты. Ауған жігіт баққа кіріп, қыздың қасына келіпті де, өзі жасаған тауыстәрізді аспапты тарта бастапты. Аспаптың бірде зарлы, бірде мұңды, бірде өршіген күйіне беріліп кеткен ханның қызы

біртіндеп ұйқыға кетіпті. “Ұйқы дертке дауа, ауруға шипа”, – деп текке айтпаған. Ауған жігіт аспабын тарта беріпті, тарта беріпті, ханның қызы жаны жай тауып ұйықтай беріпті. Бара-бара ауған жігіті оны жақсы көріп қалыпты. Қызға мейірі артқан сайын қолындағы аспабы тым ерекше боздай беріпті. “Қызыма не болды екен, бір хабар алайыншы”, – деп баққа барған хан қызының ұйқы құшағында, ал қасындағы ауған жігіті қолындағы аспапты боздатып жатқан күйін көріп: “Тағы қызымның басын айналдырып қоймасын”, деп ойлап, жігітті бақтан қуып жіберіпті. Солайша қыз сауығып кетіпті. Ауған жігітін көп іздетіпті, табалмапты. Хан қызының айығып қалғанын көріп, өзіне ұқсаған ханның ұлына үлкен той жасап ұзатыпты. Ауған жігіті қыздың ынтықтығында өзі жасаған аспапты тартып жүре беріпті. Ол күй тартқанда ұйқысыздар ұйқыға кетіпті, аурулар сауығыпты. Махаббатынан ерте айрылғандардың дертіне дерт қосылыпты.


Содан бері ауған жігіті жасаған аспап “Ауған рубабы” деп аталатын болыпты.

(«Өзбек көне қолжазбалары, хикметтері, аңыздары» кітабынан.)



3/4 өлшемі

3/4 өлшемі орташа қарқында орындалатын музыкалық шығармаларда қолданылады. Бұл өлшемнің жоғарыдағы “3” цифры бір такт ішінде үш үлес бар екендігін, ал “4” цифры бұл үлестердің әрбірі ширектік созылымға тең екендігін білдіреді.



Мұнда үш үлестен бірінші үлес күшті, ал екінші және үшінші үлестері күшсіз болып табылады.

3/4 өлшемінде дирижёрлік еткенде оң қол әрекеті төмендегідей болады: “1 и” дегенде – қол жоғарыдан төменге түседі, “2 и” дегенде – қол төменнен оңға қарай әрекеттенеді де “3 и” дегенде – оңнан жоғарыға қарай көтеріледі.

- ?! 1.** Өзбек халық аспаптары неше топқа бөлінеді?
2. Ішекті-соқпалы аспаптың атын айтып бер.
3. 3/4 өлшемінде дирижёрлік жаса.

3–4-сабақ. ҮРЛЕМЕЛІ АСПАПТАР

Дәстүрлі халық мерекелерін, серуен және той жиындарын керней-сурнай жаңғырықтары мен дойра-даңғырасыз өткізуге болмайды. Себебі бұл аспаптар шаттық күндердің хабаршысы ретінде халық рухани өмірінен орын алған.



Сурнай



Керней

Бұлардан тыс, най, қоснай, сыбызғы, буламан, шаңғауыз сияқты үрлемелі (үрleme) аспаптар да бар.



шаңқобыз



Най



Қоснай



Қазақ мүйізсырнай



Сыбызғы



Буламан

⦿ **Үрлемелі аспаптар орындауында күйлер тыңда.**



ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

“Ертеде бір аңшы жігіт болыпты, — деп айтылады “Қос ішек” күйінің аңызында, — сол аңшы жігіт таудың қиясын, қалың қарағайдың арасын тұрақ еткен бұғы-маралды аулап, кәсіп етсе керек. Бірде жолы болып, биік таудың қиясынан теңбіл марал атып алады да, маралды етекке түсіру үшін ішек-қарнын ақтарып алып тастайды.

Содан арада айлар өткенде аңшы жігіт аң атуға ұрымтал жер еді ғой деп баяғы теңбіл маралды атқан жерге соқса, құлағына бір ызыңдаған дыбыс естіледі. Барлап қараса, өткенде атқан маралдың ішегін қарға-құзғын іліп ұшқан болу керек, қарағайдың бұтағына қос тін болып керіліп қалғанын көреді. Ызыңдаған дыбыстың сол ішектен шығып тұрғанын аңғарады. Қарағайдың бұтақтарына керіле кепкен ішекті сәл ғана жел тербесе ызыңдап, жанға жайлы дыбыс шығарады. Оның өзі бірде уілдеп, бірде сарнап, енді бірде сыңсып жылағандай болып, аңшы жігітті алуан түрлі күйге түсіреді.

Сол жерде аңшы жігіт “қой мына қос ішекке тіл бітейін деп тұр екен, бір амал жасайын” деп ішекті үйге алып келеді де, бір аспап жасап, соған қос ішекті тағады. Содан тартып көрсе, шынында да қос ішекке тіл біткендей сұңқылдап қоя береді. Бұл үн аңшы жігіттің ғана жанын жадыратып қоймады, тыңдаған жанның бәрін ұйытады. Осылайша домбыра көптің сүйіп тыңдайтын аспабына айналды”.

(Б.Сарыбаев)



НАЙ КҮЙІ


Сұлтан Хұсайын Байқара көп уақытын аң аулаумен өткізеді екен. Күндерден бір күні ол аңда жүріп өте шаршапты. Шатырына келіп: «Мен ұйықтамақшымын!» — депті. Ешкім үн қатпапты.

«Мен ұйықтамақшымын!» — депті тағы да. Ешкім тіл қатпапты. «Мен ұйықтамақшымын!» — депті тағы да Хұсайын Байқара. Сарай қызметкерлері мен жалшылар жан-жаққа жүгіріп шарап әкеліпті, қайтарыпты, қызметші әйелдерден кіргізіпті, қуып салыпты. Басшылар сұлтанды ұйықтатамыз деп өздерін отқа да, шоққа да ұрыпты, бірақ қолдарынан ештеңе келмеді. Сұлтан ашуланып, қаһар атына мініп, қайтқанымша шарасын таппасаңдар, барлығыңды дарға асамын, деп тағы да аңға шығып кетіпті. Уәзірлер ойлап-ойлап, бұл ділгірлікті ұлы Науайдан басқа ешкім шеше алмайды деп ұйғарып, ақынға шабарман жіберіпті.

Науаи жұмыстарым көп, деп аңға шықпаған екен. Шабарман барып Науаиға бар жағдайды айтып беріпті. Науаи мәселенің неде екенін дереу түсініп, Найшы баба деген атақты найшыны өзімен бірге алып келіп, Хұсайын Байқараның қасына барыпты. Аңшылар ортасына тігілген «Сұлтан отауына» найшыны кіргізіп жіберіп, өзі басқа отауға түсіпті. Найшыны көрген Хұсайын Байқара қуанып кетіп:

— Мен ұнататын күйді тартыңыз, бір дем алайыншы, өте шаршадым, — депті.

Най тілге кіріп, зарлай бастапты, сұлтан ұйқыға кеткенін де білмей қалыпты. Таң алдында най тағы да күй тартыпты. Сұлтан көңіл күйі сергек



**“Әлішер Науаи және Хұсайын Байқара”
Суретші Саъдулла Абдуллаев.**

болып ояныпты. Қызметкерлерінен біреуін шақырып сұрапты:

— Най үнімен ұйықтап, най үнімен оянуды кім тапты? Айт бас төлеміңді беремін.

— Мырза Науаи, — деп жауап беріпті қызметкер.


— Досым Әлішер? Қане ол, тез келсін, — депті сұлтан Байқара Хұсайын қуанышы ішіне сыймай.

Сұлтан жасауылдары Науаиға бұл хабарды жеткізіп, Хұсайын Байқара құзырына шақырып жатқанын айтыпты.

— Бәрекелде! Рахмет! Күндіз бен түнгі демалысым өзіңсің, досым, — деп Хұсайын Байқара Науаины құрметпен қарсы алыпты.



4/4 өлшемі



4/4 өлшемі әнұран, ән, марш және басқа музыкалық туындыларында қолданылады. Бұл өлшемнің жоғарыдағы “4” цифры бір такт ішінде төрт үлес бар екендігін, төмендегі “4” цифры – бұл үлестердің әрбірі ширектік созылымға тең екендігін білдіреді. Мұнда төрт үлестен бірінші үлес күшті, екінші үлес күшсіз, үшінші үлес салыстырмалы күшті және төртінші үлес күшсіз болып табылады.

4/4 өлшеміне дирижёрлік еткенде оң қол әрекеті төмендегідей болады: “1 и” дегенде – қол жоғарыдан төменге түсіріледі, “2 и” дегенде – қол солға әрекет жасайды, “3 и” дегенде – оңға және “4 и” дегенде – жоғарыға көтеріледі.

5-6-сабақ. СОҚПАЛЫ АСПАПТАР

Өзбек халқының мәдени тарихында дойра, даңғыра, дауылпаз, қайрақ, занг сияқты көптеген соқпалы-ұрмалы аспаптар жүзеге келген. Бұл аспаптарда ерекше көркемдік мәнге ие ырғақтық тәсілдер орындалған және тәсілдер арқылы басқа аспаптардың орындауын сүйемелдеген.

“Тәсіл” (усул) сөзі араб тілінен алынған, оның мазмұнында өзгермей қайталанып тұратын ырғақтық түзілім (формула) және сол негізде күйдің орындалу қарқынын басқарып тұру түсініледі. Түрлі соқпалы аспаптарда жасалатын ырғақтық тәсілдер халқымыз мәдениетінде ерте заманнан бері белгілі.

Атап айтқанда, бір қалыпта қайталанатын ырғақтық тәсілдер баяғыда өткізілген аң аулау үдерістерін ұйымдастырушылықпен бір тәртіппен өкізуге қызмет еткен болса, той дәстүрлері, серуен, тағы басқа бұқаралық іс-шараларға мерекелік көңіл-күй, көтеріңкі рух беретін маңызды шаралардан бірі болған.



Дойра



Даңғыра

Асатаяқ — ертеден келе жатқан сілкімелі аспап. Қазақ халқында ұлттық билерді сүйемелдеу үшін қолданылған



Асатаяқтың түрлері



Соқпалы-ұрмалы аспаптар:



Дауылпаз



Даңғыра




Дабыл



Сақпан

⊙ Соқпалы аспаптар орындауында күйлер тыңда

3/8 өлшемі



3/8 өлшемі жылдам қарқында орындалатын музыкалық туындыларда қолданылады. Бұл өлшемнің жоғарыдағы “3” цифры бір такт ішінде үш үлес бар екендігін, ал “8” цифры бұл үлестердің әрбірі сегізден бір ширектік созылымға тең екендігін білдіреді.



Мұнда үш үлестен бірінші үлес күшті, ал екінші және үшінші үлестері күшсіз болып келеді.



BOLALIK

Дилнур өлеңі

Х. Хасанова музыкасы

Көңілді






Qanday go'zal, shirindir bolalik,
Unda bizlar doimo qolaylik.
Quvonchlarga olamni to'ldirib,
Ertaklarda yurgandek bo'laylik.

Қайырмасы:

Quyosh ham nur sochar bizlarga,
Sho'x-shodon o'g'il-u qizlarga.
Osmonning bag'rida yayraylik,
Bor bo'lsin bolalik.

Quvontirib ko'zlarni o'ynaymiz,
Tabassumsiz hech kimni qo'ymaymiz.
Biz bor yerda kattalar zerikmas,
Xursand qilib barchani to'ymaymiz.

- ?! 1. Наурыз мерекесі туралы қандай әндерді білесің?
2. "Bolalik" әнін жаттап ал да авторларының атын айт.
3. Күшті үлестерді анықта.






ДОЙРА

Бұрынғы өткен заманда бір елдің саудагерлері сауда жасау үшін сапарға аттаныпты. Жолдары Мәлік Шөлден өтеді екен. Жол жүріп, жол жүрсе де мол жүріп, Мәлік Шөлдің тап ортасына барып қалыпты.

Бір кезде жолда қамдап алған сулары таусылып қалыпты. Сусыздықтан бірінен соң бірі әлден тайып жатып қалыпты. Күш-қуаттары таусылып, тұрып жүруге

мүлдем дәрмені қалмапты. Керуенде бір жігіт бар екен. Ол өзінің месіндегі ақырғы суды сапарластарының аузына тамшылатып-тамшылатып құйыпты.

Адамдар біраз өздеріне келіпті, бірақ бәрібір ыстық пен шөлдегеннен жолға түсе алмапты. Сонда манағы жігіт ойлап-ойлап, судан босаған месті жарып, арбаның дөңгелегіне керіп тартыпты. Содан кейін күнге қаратып қойыпты. Соңында оны така-тум-





латып соға бастапты. Дауысына сүйсініп, қаттырақ даңғырлатыпты. Бара-бара оның дабыры бүкіл шөлді үрейге салыпты. Әдеттен тыс бұл дауыстан адамдар да есін жиып, қимылдай бастапты. Оларда күшқуат, іс-әрекет пайда болыпты. Дауыс құмтөбеден құмтөбеге,

төбеден төбеге өтіпті. Ақыры сол шөлдің арғы шетінде бара жатқан басқа керуендегілердің құлағына жетіпті. Керуендегілер: «Керуен апатқа ұшырапты, болмаса мұндай дауыс шығармайтын еді. Көмекке шақырып жатыр, бару керек», — деп, оларға жетіп барыпты. Су беріп, апатқа ұшыраған саудагерлерді өздерімен бірге саудаға алып кетіпті. Содан бастап даңғыра “бака-бака-бум, бака-бака-бум” деп дауыс шығара бастаса, адамдарда сергектік, батылдық, ержүректік, көңіл-күйі оянатын болыпты.

(«Өзбек көне қолжазбалары, хикметтері, аңыздары» кітабынан.)

7–8-сабақ. САЗГЕР ФАХРИДДИН САДЫКОВ



**Фахриддин
Садыков**

Атақты өнер шебері Фахриддин Садыков (1914–1977) өзінің мағыналы өлең-әндері және сирек кездесетін күйлерімен өзбек музыкасының дамуына салмақты үлес қосты.

Атап өтсек, сазгердің “O‘zbekchavals”, “Vatan marshi”, “Qurilish marshi” аспаптық күйлері, “O‘zbekiston”, “To‘y muborak”, “Dutorim”, “Bir go‘zal”, “Tinchlik qo‘shig‘i”, “Shirmonoy”, “Zarafshon” сияқты өлеңдері мен әндері ұлттық музыкалық қазынамыздан лайықты орын алған.

Мұндай терең мағыналы туындыларды шығаруда Ф.Садыковтың сазгерлік қабілеті және чанг мен дутар аспаптарын жете меңгергендігі маңызға ие болған. Бұл қасиет сазгердің басқа көптеген шығармаларында да байқалады,.

Солардың қатарында бұған Фахриддин Садыковтың ақын Акмал Полаттың өлеңіне жазған “Qorabayir” әні мысал болуы мүмкін.

Қарабайыр — Өзбекстанда өсірілген жылқы тұқымы, оны салт мінуде және арбаға жегіп жүк тасуда пайдаланылады. “Қарабайыр” әнінде диқандарымыздың ауырын жеңіл етуге қызмет етіп келген осындай жылқылар сипатталады. Әннің сазды аспаптарда орындалатын кіріспе бөлімі мен қайырмалары шабандоздың қайратты жүрісін, ал

өлең шумақтарының күй-әуендері кең далаларды және оларда желіп жүгіріп бара жатқан аттарды суреттейді.



QORABAYIR

А.Полат өлеңі

Ф.Садыков музыкасы

Жылдам

Chor-va-miz-ning
sav-la-ti-dur qo-ra-ba-yir o-ti-miz, Yil-qi-miz-ning
chi-ro-yi-dur, bu-kil-mas qa-no-ti-miz.
Er-ka-la-nib kish-na-gan-da
ja-rang-lar da-la, tog'-lar, Jan-go-var-lik
xis-la-ti ko'p, Meh-nat-da ko'n-gil chog'-lar,

meh-nat-da ko'ngil chog'- lar. Oh, jon tul-po-ri-
 miz
 Ye-li-shi-ga
 teng ke - lol - mas hat- to ko'k-da bur- gut - lar,
 Qil-gan i-shi el - ga man - zur, maq- to- vi bor
 bir daf - tar. Har kun u -ni er - ka - la - tib
 yol- la-ri-ni ta-ray- man, Men o- tim-ga
 me-hr qo'- yib ham-ro-him deb qa-ray - man.
 Ham-ro- him deb qa-ray - man. Oh, jon tul- po-ri-miz.



YOZ YAXSHI

Р. Момын өлеңі

Д. Закиров музыкасы

Орташа жылдам

Yoz ke - zar yash - na - gan e - lim -
 Qush - la - rim say - ra - shar, qay - na -
 da, yoz zav - qi ti - lim - da,
 shar, bu - loq - lar shi - vir - lar,
 di - lim - da.
 shil - di - rar.
 Yoz yax - shi, yoz yax -
 shi, yoz yax - shi, yoz yax - shi!

Yoz kezar yashnagan elimda,

Yoz zavqi tilimda, dilimda.

Qushlarim sayrashar, qaynashar,

Buloqlar shivirlar, shildirar:

Yoz yaxshi, yoz yaxshi, yoz yaxshi!

Quyoshday mehnatim qudrati,

Pahlavon xalqimning sur'ati,

Yurtimni bezagan, qaranglar,

Yoz kuyi har yonda jaranglar:

Yoz yaxshi, yoz yaxshi, yoz yaxshi!

🎵 Төмендегі мысалды 2/4 такт өлшеміне дирижёрлік етіп, ноталар бойынша шырқа:

JIYDA

Асықпай



Jiy - da - jiy - da, jon jiy - da. Chi - lon jiy - da, non jiy - da,
Jon - ga da - vo a - sal-san, do - ri - dar-mon, qon jiy-da.

🎵 Төмендегі мысалда қандай альтерация белгілері қолданғанын анықта:

OLMANI OTDIM

Өзбек халық күйі



ПЫСЫҚТАУФА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Қайсы қатарда «Мереке және дәстүр» әндері дұрыс көрсетілген?

- A) “Lapar”, “Oh, layli”, “Sovuq kimni izlaydi?”
- B) “Yor-yor”, “Kelinsalom”.
- D) “Maktab”, “Alla”, “Yalla”.

2. Бақшылар қандай әндерді жырлайды?

- A) Laparlar-ды.
- B) Dostonlar-ды.
- D) Allalar-ды.

3. Ораза жырлары қашан жырланады?

- A) Той және дәстүрлерде.
- B) Ораза айында күн батқанда.
- D) Сәбилерді ұйықтату мақсатында

4. Өзбек халық билері қай қатарда дұрыс көрсетілген?

- A) “Kamarinskaya”, “Gopak”, “Bulba”.
- B) “Lazgi”, “Dilxiroj”, “Tanavor”.
- D) “Polka”, “Mazurka”, “Shag‘ala”.

5. Төмендегі сұрақтарға негізделіп, торкөздерді толтыр!

1.	Қ						
	О						
2.	С						
3.	Н						
4.	А						
5.	Й						

- 1. Ысқышпен ойналатын ішекті аспаптың аты.
- 2. Ақын Акмал Полаттың “Qorabayir” өлеңінің әнін жазған сазгердің фамилиясы.
- 3. Үрлеме аспап.
- 4. Қазақтың ішекті музыкалық аспабы.
- 5. Үрлемелі аспап.

БІЛІП АЛ!

1. Ән айтқанда бас пен кеудені дұрыс ұста.
2. Ән шырқап жатқанда дауысты үнемдеп жұмса.
3. Ән сөздерін анық айт. Мұнда дауысты дыбыстарды созыңқырап, ал дауыссыз дыбыстарды қысқа айтуға әрекет ет.
4. Ән сөздерін түсініп, оның мағынасына сай түрде шырқа.
5. Ұжым болып шырқап жатқанда өзіңнің дауысыңмен бірге сыныптас жолдастарыңның да дауысын тыңдап, үндесіп айтуға тырыс.
6. Ән шырқап жатқанда немесе оны үйрену барысында мұғалімнің нұсқауларына құлақ сал.

МУЗЫКА СӨЗДІГІ

Жырлау — дауыстап шырқау, айту үшін көзделген барлық музыкалық үлгілердің жалпыланған аты. Жырлау — дауыстап ән айтуға арналған барлық үлгілердің жалпы атауы.

Ауған рубабы — шертпе ішекті аспап, ол медиатормен шертіледі. Оның шанағы терең ойылған және терімен қапталған, келте әрі жуан мойынында төрт байланған пернесі бар. Мойнының жоғарғы бөлігінде 6 немесе 7 қосымша («хас») пернелері де болады. Ауған рубабының негізгі 5 ішегімен күй тартылады. Сондай-ақ оның бүйір жағынан 10-11 көмекші бүйір құлақ сымдар да керілген, олар жаңғырық ретінде дыбыстандырады.

Сазгер (парсы, тәжік.: бастакор — *basta* — байлау, *kor* — жұмыс) — белгілі бір перде мен

күй-әуендеріне түрлі дойра тәсілдері мен сөздерді (ғазелдерді) байланыстырып, жыр, ән сияқты туындыларды шығарушы музыкант (немесе жеке орындаушы).

Буламан — тұт ағашынан жасалған сурнай формалы аспап. Сурнайдан көлемі кіші, ал үрлемесі сыбызғынікіне ұқсастығымен (тілді) ерекшеленеді.

Дойра (басқаша аты — чилдирма) — соқпалы аспаптың дөңгелек шанағы жүзім сабағынан немесе өрік, жаңғақ ағашынан дайындалып, бір жағынан бұзау (немесе киік, ешкі) терісі қапталады. Дөңгелегінің ішкі жағына 40 тан астам металл сақиналар ілінеді.

Дутар — қос ішекті шертпе аспап. Ол тұт, өрік немесе жаңғақ ағашынан жасалады. Мойнына 13-14 жібектен перне байланады.

Домбыра — дутар сияқты қос ішекті шертпе аспап. Дутардан өзіне тән «булыққан» дыбысы, біршама қысқа және тегіс мойны сияқтылармен (перне байланбаған) ерекшеленеді.

Керней — мыстан жасалған үрлемелі (үрлеме) аспап, ұзындығы 2 метр және одан да астам болуы мүмкін. Бұрын оның «шынтақты» (сынық сызықты) түрі де қолданған.

Тасымалдауға ыңғайлы болу үшін 3 бөлікке бөлінеді. Кернейде саусақпен басылатын перде-ойықтары болмайды.

Күшті және жуан даусы болғандығынан өткен замандарда той-дәстүрлерден басқа әскери жорықтар мен аң аулауда да қолданған. Ансамбль құрамында салтанатты және көтеріңкі көңіл-күй тудырады.

Композитор (лат. *compositior* — түзуші, шығармашы) — Батыс Еуропа музыка мәдениетінде пайда болған музыка шығармашылығы. Негізінен опера, симфония, соната, балет, оратория секілді көп дыбысты музыкалық жанрларда туындылар жазатын шығармашы.

Нағара – саздан түбек тәрізді қалыпта жасалып, қыш дәрежесіне дейін күйдіріледі. Шанағы киік немесе басқа жануардың терісімен қапталады. Нағаралар көлеміне қарай үлкен (дол нағара), орташа (кос нағара) және кіші (рез нағара) түрлерге бөлінеді.

Сато – ішекті-ысқышты. Тұт ағашынан ойып жасалған, шанағы мен ұзын мойны танбурды еске салады.

Сыбызғы — кәдімгі қамыстан жасалған үрлемелі аспап. Үрлейтін жерінде кесілген тілше болады, ал алдыңғы жағында саусақтармен басылатын 3 перде – ойығы бар.

Сурнай — өрік немесе жаңғақ ағашынан ойып жасалады. Оның алдыңғы жағында жеті, ал астында бір перде-ойығы бар. Сурнайда би күйлері, халқымыз арасында кең таралған бұқаралық ән мен жырлардың күйлері және мақамдардың «сурнай жолдары» орындалады. Ансамбль құрамында да сурнай негізгі күй жолдарын үндестіреді.

Танбур — шертпе ішекті аспап. Тұт ағашынан жасалады. Ұзын мойнында 16-ға жуық байланған пердесі бар. Шанақ қақпағына 4 таяқша (хас) қосымша перде желімденеді. Танбурдағы ішектердің саны үшеуден алтыға дейін болуы мүмкін. Қазіргі күнде көбірек үш және төрт сымды танбур қолданылады. Ішектер сұқ саусаққа кигізілетін арнаулы шертпе тетікпен шертіледі.

Уд — ішекті-шертпе аспаптардың ең көнелерінің бірі. Ол танбур мен дутардан өзінің алмұрт пішініндегі үлкен шанағы және тегіс (перне байламдары болмаған) үлкен мойнымен ерекшеленіп тұрады. Уд аспабында 11 ішек болады, солардан бесеуі қосарланған түрде орналасқан, ал біреуі төмен жуан дыбыс орнында қолданылады.

Чанг — ішекті-соқпалы аспап. Бұрын дәстүрлі қолданып келінген чанг аспабында жалпы 40 сым (ішек) болған. Солардан 13-і — үшеуден бірігіп бөлінген күйде, ал бір сымы төмен жуан ішекке бөлінеді. Қазіргі дәуірде қолданылып жүрген заманауи чангда үш қатардан керілген 75 дана ішектер бар. Чангның ішектері 2 таяқшамен ұрып және шертіп (тырнап) ойналады.

Домбыра — қағып, шертіп ойнайтын музыкалық аспап. Қазақтың ән-күй орындаушылық дәстүріне байланысты бірнеше түрі бар, олардың тек сырт пішіні ғана емес, ішек және перне саны да әр қилы болып келеді. Негізінен 2 ішекті болып келеді. 3 ішекті домбыралар да бар.

Шертер — шанағы терімен қапталған, қазақ халқының ең қөне музыкалық аспабы. Шертіп ойнау тәсіліне байланысты шертер деп аталған.

Жетіген — көп ішекті музыкалық аспап. Аспап тұтас ағаштан ойылып жасалып, шанағы көн терімен қапталады. Күйге келтіру үшін тиек орнына асық қойылады.

Асатаяқ — ертеден келе жатқан сілкімелі аспап. Қазақ халқында ұлттық билерді сүйемелдейді.

Мүйіз сырнай — мүштік арқылы үрлеп ойналатын аспап. Мүйізден жасалады. Бармақпен басқанда дыбыс шығаратын үш тесігі бар.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Өзбекстан Республикасы әнұраны. А.Арипов өлеңі, М.Бурханов музыкасы	4

БІРІНШІ ТОҚСАН

Өзбек халық ән-жырлары

1-сабақ. Отанымызды мадақтаймыз	6
Қарапайым музыкалық формалар. Шумақ формасы.	7
2-3-сабақ. Халық ән-жырлары. Лапар.....	8
Oyjon. Өзбек халық лапары	9
Bizdan sizga kim kerak? В.Құрбанов өлеңі,М.Насимов музыкасы.	10
Музыканың белгі құралдары.	12
4-5-сабақ. Ялла.	12
Yallama yorim. Өзбек халық ялласы	13
Ұстаз. Ф.Орманов өлеңі,Ж.Фабдолдаев әні.....	14
Тәсіл.....	15
6-7-сабақ. Ораза дәстүрінің жырлары.....	16
Nisholda. P. Толиб өлеңі,Д. Амануллаева музыкасы	17
Динамикалық белгілер	18
8-сабақ. Әлди жырлары.....	19
Alla. Өзбек халық әні	19
Alla. В. Моцарт музыкасы.....	20
Бесік жыры Қ.Сыдықов өлеңі, .А.Жайымов әні.....	21
«Әлди» туралы аңыз.....	23
9-сабақ. Балалар халық ойын-әндері.	24
Yomg'ir yog'aloq. Өзбек халық әні.....	25
“Oq terakmi,ko'k terak ” Өзбек халық әні	25
«Жау, жау, жаңбыр» Ш. Сариев өлеңі, К. Дүйсекеев әні.....	26
Lad. До-мажор тональдігі.....	28

ЕКІНШІ ТОҚСАН

Халық әндері мен билері

1-сабақ. Халық әндері.....	29
Ән. Oh,layli. Өзбек халық әні.....	30
Oftob chiqdi olamga. Өзбек халық әні.....	31

Ля-минор дыбысқатары.....	32
2-3-сабақ. Халық билері. Камаринше.(Камаринская).....	33
Гопак. Украин биі. Бульба. Белорус халық ойын-әні.....	34
Shag'ala. Қарақалпақ халық ойын-әні.....	36
Болайықшы осындай. Өлеңі мен әнін жазған А.Меңжанова.....	36
Vatan. X. Рахмат өлеңі, X. Хасанова музыкасы	37
Тоника.....	38
4-5-сабақ. Еңбек әндері.....	38
«Urchuq», "Хо'р hayda" Өзбек халық әндері.....	39
Дауысты келтіру жаттығулары	40
Yaxshi bola. П.Момын өлеңі, Н.Нархожаев музыкасы.. ..	40
Тұрақты және тұрақсыз дыбыстар.....	42
6-7-сабақ. Той дәстүрі жырлары.....	42
Surnay navosi. Өзбек халық күйі.....	43
Үйлену тойының әндері мен күйлері.Беташар.	44
Жар-жар. Әбдірахман Асылбеков өлеңі, қазақтың халық әні	45
Munojot.Өзбек классик күйі	45
Munojot. А.Науаи ғазелі, И. Икрамов музыкасы.. ..	46
Пысықтауға арналған тапсырмалар.....	47

ҮШІНШІ ТОҚСАН

Мереке және маусым әндері

1-2-сабақ. Қыс мезгілі әндері.	49
Аяз ата. Ш. Мұхамеджанов өлеңі, С.Мұхамеджанов әні	50
Biz askarmiz. И. Рахман өлеңі, Н. Нархожаев музыкасы	51
Үшдыбыстық	52
3-4-сабақ. Бақшылық өнер.	53
Onajonim, sog' bo'ling. М.Дадабаев өлеңі және музыкасы	54
Бақшының ерлігі.. ..	56
5-6-сабақ. Көктем мезгілі әндері. Наурыз мерекесі жырлары.....	59
Бойчечак. Өзбек халық әні... ..	60
Bahor keldi. Өзбек халық әні... ..	61
Lola. Өзбек халық әні.	62
Bahorim. Юнус Ражаби музыкасы.	63
Көктем. И. Искендеров өлеңі, Қ. Қожамияров музыкасы.	63
Наурыз .М.Сарынова өлеңі,.Б.Есдәулетова әні	64
7-8-сабақ. Көктем елшілері және табиғат.....	66
Қарлығаш. С.Жиенбаев өлеңі; Б.Физатов әні.....	67
Bulbulcha. М.Қучқаров өлеңі, М. Насимов музыкасы.....	69

Тон және жарты тон	70
9-10-сабақ. Сазгер Камилжан Жаппаров.....	71
Diyorimsan. Хабиби сөзі, К. Жаппаров музыкасы.....	72
Karalak va kamalak. Н.Нарзуллаев өлеңі, Н. Нархожев музыкасы	74
Альтерация белгілері..	76

ТӨРТІНШІ ТОҚСАН

Халық аспаптары

1-2-сабақ. Ішекті аспаптар.....	77
AJAM II (күйі). Өзбек классик күйі.....	82
Ko'klam keldi. P. Момын өлеңі, Ш. Ерматов музыкасы.. ..	82
Ауған рубабы туралы аңыз.....	84
3/4 өлшемі.....	85
3-4-сабақ. Үрлемелі аспаптар.. ..	86
Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары.....	88
Най күйі.....	89
4/4 өлшемі.....	91
5-6-сабақ. Соқпалы аспаптар	91
3/8 өлшемі.....	93
“Bolalik”.Дилнур өлеңі; X.Хасанова музыкасы	94
Дойра.....	96
7-8-сабақ. Сазгер Фахриддин Садыков.....	98
Qorabayir. A. Полат өлеңі, Ф. Садыков музыкасы.....	99
Yoz yaxshi. P. Момын өлеңі, Д. Закиров музыкасы.....	101
Пысықтауға арналған тапсырмалар.....	103
Біліп ал!	104
Музыка сөздігі.....	104

O'quv nashri

Oqilxon Ibrohimov

MUSIQA

4-sinf uchun darslik
Qayta ishlangan va to'ldirilgan 7-nashri
(*Qozoq tilida*)

Аудармашы және редактор Қ.Мамбетова
Музыкалық редактор Назоқат Утаева
Көркемдік редактор Иззат Юлдашев
Техникалық редактор *Татьяна Харитонова*
Беттеуші *Акмал Сулаймонов*

Баспа лицензиясы АИ № 154. 14.08.09.
2020 жыл 22.07. сәуірде басуға рұқсат етілді. Пішімі 70x90^{1/16}.
Pragmatica(ТТ) гарнитурасы. Кеглі 14. Офсеттік баспа.
8,19 шартты баспа табақ. 8,5 баспа табағы
Тиражы 5988 нұсқа. ____цифрлы Тапсырыс.

Фафур Фулам атындағы баспа-полиграфия шығармашылық
үйінде басылды.
Ташкент, 100128. Лабзак көшесі, 86.

Телефон: (371) 241-25-24, 241-19-42

Факс: (371) 241-82-69

www.gglit.uz info@gglit.uz

**Пайдалануға берілген оқулықтың
жағдайын көрсететін кесте**

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жыртылған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критеріі негізінде толтырады.